«Отбасы-мектеп» жобасы аясында мектеп ұстаздары арасында «Өнеге- отбасынан» атты дөңгелек үстел аудандық кәсіподақ ұйымының төрағасы Зейнел Өтеуұлы және аудандық білім бөлімінің әдіскері Алия Жақсылыққызының қатысуымен өткен. Дөңгелек үстелге Алғашқы әскери дайындық пәнінің жетекшісі Сарманов Алтынбек Көмекбайұлының отбасы Көмекбаевтар отбасы, Математика пәнінің мұғалімі Оразбекова Фариза Орынғалиқызының отбасы Дүйсеновтер отбасы, Технология пәнінің мұғалімі Рахметова Назгул Телбекқызының отбасы Жусуповтар отбасы қатысқан. Шараға қатысқан отбасыларға аудандық кәсіподақ ұйымының атынан кәсіподақ төрағасы Зейнел Өтеуұлы Алғыс хат пен сыйлықтар табыстаған.

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығы мен Отбасы күніне орай 1"Ә" класс жетекшісі Балмашева Гулмира Амангелдіқызы 1 "Ә" класс оқушыларымен "Отан - отбасынан басталады" тақырыбында тәрбие сағатын өткізген. 4 кластар арасында " Әкем, шешем және мен" атты отбасылық сайыс ұйымдастырылған. Сайысқа ата-аналар белсенді қатысып, жеңіске жеткен отбасылар марапатталған.

Оқушылар арасында мәдениетті, рухани- адамгершілік және патриоттық тәрбиені нығайту мақсатында 9 «А», «Ә» класс оқушыларының ұйымдастыруымен " Мен елімнің патриотымын!", " Мәдениеттілікті өзіңнен баста" атты челленджер әзірленіп, әлеуметтік желіге жарияланған. Класс жетекшісі: Мухамбетова Д.Е.Ермаханова Н.М

«Еңбек – елдің мұраты» жобасы аясында 10 класс оқушылары " Мен туған өлкемнің тазалығына үлес қосамын!" челленджіне белсене қатысқан. Класс жетекшілері: Олжабаева Г.М. Бақтыбаева А.Д 13.09 - 19.09.2021 аралығында қылмыс пен құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында " Әйтеке би аудандық білім бөлім қызметкерлері мен Т.Жүргенов атындағы ЖОББМ- нің ұжымынан құрылған топ " облыстық іс-шара жоспарына сәйкес кешкі мезгілдегі рейд жұмыстарын жүргізген.

«Biz birgemiz», «Таза Алем» экологиялық жоба аясында " Жас Ұлан" ұйымының белсенділері мен биылғы жылдың түлектері «Түлектер ағашы» акциясына өз үлестерін қосып, мектеп ауласына

барлық эпидемиологиялық нормаларды сақтай отырып, ағаштар отырғызған.

Қыркүйек айында "Қамқорлық" жобасы аясында «Адамдарға қуаныш сыйла!» акциясы өткен. Акция барысында мектеп тәлімгері "Жас Ұлан" ұйымының мүшелерімен жалғызбасты қариялардың үйіне барып көмектесіп қайтқан.

5- 7 кластар аралығында кәмелетке толмағандарға қатысты қылмысты анықтау, жолын кесу және тұрмыстық зорлық-зомбылықтардың алдын алу мақсатында " Өз құқығыңды білесің бе?" атты тәрбие сағаттары өткен.

"Оқуға құштар мектеп- оқуға құштар ұлт" жобасы аясында биылғы оқу жылында мектеп кітапханасына жаңадан келген көркем әдебиеттерге кітап көрмесі ұйымдастырылып ,таныстырылым жүргізілген.

Жылдық жоспарға сәйкес 1- 4 класс оқушылар арасында "Оқуға құштар мектеп " жобасы аясында Ы.Алтынсариннің 180 жылдығына арнап " Кел, балалар, оқылық!" челленджі ұйымдастырылған.

1 қазан – Халықаралық қарттар күні 5"Ә" класс оқушылары "Үлкенге - құрмет, кішіге - ізет" акциясын ұйымдастырған. Класс жетекшісі: Ешімбетова А.К.

«Отбасы-мектеп» жобасы аясында халқымыздың қадір-қасиетін сіңіру,үлкенді сыйлай білуге, өз ата-бабасын ұмытпай есте сақтауға және аталы сөзден ғибрат алуға тәрбиелеу мақсатында 2 "А" класында " Қазыналы қария, ақылы асқан дария " атты сыныптан тыс шара өткен. Шараға оқушылардың ата- әжелері қонаққа келіп, балаларға өнегелі әңгімелерін айтып, сыр шеріткен. Класс жетекшісі: Г.Б.Нагишева

Ұстаздардың кәсіби мерекесі қарсаңында ҚР Білім және ғылым министрлігі бастаған " Ұстазыңды құттықта!" челленджіне мектеп түлектері де белсене қатысып , ұстаздар күніне арнаған құттықтауларын жолдаған. Мектептің ашылуына 16 жыл толуына байланысты әр жылғы ұшырған 16 түлектің тілек- құттықтаулары әлеуметтік парақшаға жарияланған.

"Оқуға құштар мектеп"жобасы аясында мектеп кітапханашыларының ұйымдастыруымен "20 минут оқы да 3 минут эссе жаз" кітап оқу марафоны 4- кластар аралығында өткізілген.

2011 жылғы 19 желтоқсанда Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы 66/170 қарар қабылдады, 11 қазанды Халықаралық қыздар күні деп жариялап, олардың құқықтарын мойындады. Халықаралық қыздар күніне орай " Сымбат" қыздар клубының мүшелерімен қыздар жиналысы өткен. Жиналыс барысында " Сымбат" қыздар клубының жетекшісі Нурия Қайырбекқызы қыздар клубының жылдық жоспармен таныстырған. Клубтың белсенді мүшелері сайланып, күн тәртібіндегі барлық мәселе қаралып, ұсыныстар қабылданған.

Мектеп тәлімгері қазан айында жылдық жоспарға сәйкес 1-4 сыныптар арасында " Күзгі табиғат көрінісі" сурет байқауын өткізіп, нәтижесі әлеуметтік желіге жарияланған.

«Балалар және театр» жобасы аясында «Өркен» театры жетекшісі Ж. Құрымбаева кастинг ұйымдастырып, театр құрамын толықтырылып, жүйелі түрде жұмыс жүргізілген. Нәтижесінде «Ең үздік театр-2023» мектеп ұжымы 1 орын иеленген және жаңа жыл мерекесіне орай аудандық мәдениет үйі ұйымдастырған «Ең үздік ұжым» байқауында жүлделі 1 орын иеленген.

Мектеп кітапханашыларының ұйымдастыруымен "Оқуға құштар мектеп"жобасы аясында " Бір кітап-бір сынып" жобасында кітапхана оқырманы Муханбетқызы Диана М.Твенның "Приключения Тома Сойера" повесіне-145 жыл толуына орай өзінің оқығаны туралы оқырмандарға баяндап беріп, қалың оқырмандарды әлеуметтік желі арқылы кітап оқуға шақырған.

Тұрмыстық зорлық-зомбылықсыз -Қазақстан апталық аясында 9 "А" класында " Зорлық-зомбылықсыз болашақ!" тақырыбында ашық тәрбие сағаты өткен.

Класс жетекшісі: Ермаханова Н.М Тәрбие сағатына қатысқан.

Тұрмыстық зорлық-зомбылықсыз -Қазақстан апталық аясында "Жігер" ер балалар клубының мүшелерімен " Ұл тәрбиесі- ұлт тәрбиесі" атты кездесу өткен.

Жылдық жоспарға сәйкес дауылпаз ақын Қасым Аманжоловтың 110 жылдығына орай "Өзге емес, өзім айтам өз жайымда" атты поэзия сағаты өткізілген. Іс-шара барысында алтынның көзі, асылдың сынығы, қайсар ақын, тума талант иесі Қасым Аманжоловтың өмірі және шығармашылығын оқушылар жатқа айтса, мектеп кітапханашылары әзірлеген жылжымалы көрмелерімен оқушыларды таныстырып, ақынның кітаптарын оқуға шақырған.

" Рухани келісім күні- тұрақтылықтың іргетасы" апталығы аясында 1" А" класында " Толеранттылық- әлемге жол" тақырыбында тәрбие сағаты өткізілген. Класс жетекшісі: Г.Ш.Оразова "Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында мектеп кітапханасында 4"А" класс оқушыларының қатысуымен ақын-жазушылармен әдебиет майталмандарының мерейтойларына орай Ы.Алтынсаринге-180 жыл, Ж.Жабаевқа -175 жыл, М.Мақатаевқа- 90 жылдығын атап өту барысында "Үш ғұмыр,бір тағдыр" атты ашық тәрбие сағатын өткізіп, "Заманымыздың заңғар тұлғалары" атты

кітап көрмесіне ауызша библиографиялық шолу жасап, мектеп оқушыларын кітап оқуға шақырған. Кітапханашылар: Л.Р.Алмаханова, А.Муханбетова

"Дәстүр мен ғұрып" жобасы аясында " Даламды күймен тербедім" тақырыбында қазақтың әйгілі күйші- композиторы, Қазақстанның халық әртісі Дина Нұрпейісованың туғанына 160 жыл толуына байланысты " Көркем" домбыра үйірмесінің мүшелері әзірлеген домбырашылар челленджі ұйымдастырылған.

" Күзгі демалыс - бақытты бала жүзін көру!" атты мектепшілік жоспар аясында балалардың күзгі демалыс кезіндегі бос уақыттарын тиімді өткізу үшін 1 сынып оқушылары аудандық музейге саяхат жасап барған. Эстетикалық бағыттағы " Мәдениеттің ғажайып әлемі" атты бұл саяхаттың мақсаты: оқушылардың ой- өрістерін, танымдық қабілеттерін арттыру, туған өлке тарихына деген қызығушылығын қолдау және дамыту.

Оқушылардың күзгі демалыс кезіндегі бос уақыттарын тиімді өткізу мақсатында 6 сынып оқушыларымен мектеп психологтары " Өмір- бақыт.Бәрі өз қолыңда" атты құқықтық бағыт бойынша тренинг өткізген.

Аға тәлімгердің ұйымдастыруымен " Құқығым бар..." тақырыбында " Жасұлан" ұйымының белсенді мүшелерімен дөңгелек үстел өткен. Сондай -ақ, балалардың күзгі демалыс кезіндегі бос уақыттарын тиімді өткізу мақсатында эстетикалық бағытта 2 сыныптар арасында " Күз бояулары " сурет көрмесі өткізілген. Осы демалыс кезінде АӘД пәнінің мұғалімі А.К.Сармановтың ұйымдастыруымен 10 сыныптар арасында да " Жас мерген" спорттық сайысы ұйымдастырылған.Сайыстың нәтижесінде ер балалар арасынан 1орынды Салманов Н иеленсе, қыздар арасынан Базарбаева Т иеленген.

Тарих пәнінің мұғалімдері Н.Қ.Аязбаева мен М.Т.Бижанов 8 кластар арасында " Тарих беттерінен..." тақырыбында интеллектуалды ойын өткізіп, ойын нәтижесінде 8" А" класс оқушылары жеңіске жеткен.

3-4 кластар арасында азаматтық- патриоттық бағыт бойынша " Тәуелсіз елдің ұрпағы" патриоттық әндерден челленджі ұйымдастырылған.

Күзгі каникул кезінде экологиялық бағыт бойынша " Табиғатты аялап сақтайық! " тақырыбында акция өтіп, 9" А" класс оқушылар қоршаған ортаны қоқыстан тазалауға ат салысты. Класс жетекшісі: Нургул Мағауияқызы

Мектептің психологиялық қызметі бойынша "Отбасындағы зорлық-зомбылық мәселесі бойынша" мектеп оқушыларына арналған анкетаның қорытындысы шығарылған. Сауалнама 6,7,8 класс оқушыларынан алынған. Сауалнамаға барлығы 137 оқушы қатысқан. Ер бала - 69, Қыз бала -68

Мектеп психологтарының психологиялық қызметі бойынша оқушылармен жүргізген " Зорлық- зомбылықтың алдын алу" тақырыбындағы дөңгелек үстел ұйымдастырылған.

2021 жыл 1 қараша күні онлайн форматта 5-7 сынып оқушылары арасында «Туған елің – Қазақстанды жақсы білесің бе?» атты республикалық балалар оқулары байқауының аудандық кезеңі ұйымдастырылған. Байқауға 12 мектептен 60 оқушы қатыстырылып, байқау қорытындысы бойынша: Т.Жүргенов ат. ЖОББМ оқушылар командасы I орын иеленіп, облысқа жолдама алған. Нәтижесінде «Туған елің – Қазақстанды жақсы білесің бе?» республикалық балалар оқулары байқауының облыстық кезеңінің қорытынды шешімі бойынша мектебіміздің 7 "А" класс оқушылары жүлделі 2 орын иеленген. Мектеп кітапханашылары: Л.Р.Алмаханова, А.Д.Мухамбетова

" ТАРИХ"."ТАҒДЫР"."ТҮЛҒА" тақырыбындағы көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері Т.Жүргенов арналған апталық аясында мектеп кітапханашылары Л.Р.Алмаханова мен А.Д.Мухамбетова " Қазақ руханиятының қамқоры" атты ауызша журнал ұйымдастырып, мектеп оқушыларына Ұлы тұлға туралы кең көлемде мәліметтер берілген.

Сондай -ақ, кітапханашылар мен ұстаздардың ұйымдастыруымен "Оқуға құштар мектеп " жобасы аясында " Тыныш оқу", " Мағыналы оқу" оқу сағаттары үздіксіз жүргізілген.

16.11.2021ж аудандық ПБ ЖПҚБ ювеналдық полиция инспекторлары мектепке келіп, оқушылардың құқықтық білімдері және заң алдындағы жауапкершіліктерін арттыру мақсатында, жасөспірімдерді қылмыстық әрекеттерден бойларын аулақ ұстауға шақырып, қылмыстық жауапкершіліктің түрлерімен таныстырып, жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылық пен қылмыс жасау бүгінгі қоғамның күн тәртібінен түспейтін түйткілді мәселе екендігі туралы түсінік жұмыстарын жүргізген.

2 "Б" класында жылдық жоспарға сәйкес Ыбырай Алтынсариннің туғанына 180 жыл толуына орай "Ұстазын ұлы тұтқан ел ертеңі жарқын болмақ "атты ашық тәрбие сағаты өткізілген.

Тәрбие сағаты барысында алғашқы ұстаз, ұлы ағартушы Ыбырай Алтынсариннің өмірімен, шығармаларымен оқушыларды таныстырып, Ыбырай Алтынсариннің әңгімелері арқылы имандылыққа, адамгершілікке, еңбекқорлыққа шақырған. Класс жетекшісі: Шалжанова А.Н.

Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі бағыты бойынша тәрбиенің жылдық жоспарына сәйкес Ы.Алтынсариннің 180 жылдығына 7"А" класс оқушылары «Ұлы даланың ұландары» тақырыбында зияткерлік ойынды аудандық кітапханада өткізіп, ұлы тұлғаның ғұмырнамасы кеңінен насихатталған. Ұйымдастырған класс жетекшісі Садуова Б.Т

Рухани - адамгершілік тәрбие бағыты бойынша жылдық жоспарға сәйкес 15 қараша - Ұлттық валюта күніне орай " Теңге- Тәуелсіздік келбеті тақырыбында 6" Б" класында кең көлемде сыныптан тыс шара өткізілген. Шараға арнайы мамандар қонаққа шақырылған. Класс жетекшісі: Туребекова Г. Қ

23.11 .2021 ж зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі бағыты бойынша 10 кластар арасында " Қызық екен" интеллектуалды сайыс өткізілген. Сайыс барысында әлемнің әр түкпірінде болып жатқан түрлі қызықтарға саяхат жасап, оқушы санасына мүлде кіріп шықпаған тың ақпараттармен толықтырып, ойлау қабілеттерін арттыратын логикалық сауалдар қойылып, шығармашылық еркіндікке баулыған.Ұйымдастырған: Ермаханова Н.М

«Мектеп пен ата-ананың тілдескені-білім мен тәрбиенің үндескені» атты жалпы мектепшілік ата-аналар жиналысы өткізілген.

Ақын, Қазақстанның халық жазушысы Мариям Хакімжанованың 115 жылдығына орай " Өнегелі бір сағат" жоба аясында мектепте, үзілісте... " М.Хакімжанованың өлеңдерін оқимыз" тақырыбында бірыңғай оқу сағаттары ұйымдастырылған. 9"Ә" класс оқушылары. Класс жетекшісі: Мұхамбетова Д.Е

Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі бағыты бойынша, оқуға құштар мектеп"жобасы аясында Ж.Жабаевтың 175 жылдығына орай, 6 класс оқушылары , қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Г.Ш.Мамыровамен бірге аудандық кітапханаға " Ата аманатына адалдық" тақырыбында саяхаттық көрме ұйымдастырылған.

" Зорлық- зомбылыққа қарсы 16 күн" халықаралық акция аясында 10 класс оқушыларына жасөспірімдер мен жастарға денсаулығын қорғау, қауіпсіз сексуалдық жүріс- тұрыс, қаламаған жүктіліктің алдын алу , сондай- ақ ЖЖБИ/ АИТВ беру мәселелері бойынша кеңес беру мақсатында класс жетекшілері тәрбие сағаттарын өткізген.

Класс жетекшілері: 10 " А" класс Бақтыбаева А.Д. 10 " Ә" класс Олжабаева Г.М.Мектеп психологтары " Зорлық- зомбылыққа қарсы 16 күн" халықаралық акция барысында жасөспірімдер арасында жедел жағдайды тұрақтандыруға, балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алуға бағытталған іс- шаралар аясында ата- аналармен кездесіп, түсіндіру жұмыстарын жүргізіп,брошюра таратқан." Сүйіспеншілік- адамның басты қасиеті, ақиқат оның негізгі, дұрыс әрекет оның шынайы өмірі" тақырыбында 3 кластар аралығында тәрбие сағаттары өткізілген.

Мақсаты: Риясыз сүйіспеншілікпен ғана өмір мәнді болатынын оқушыларға ұғындыру.

" Сымбат" қыздар клубының төрайымы Н.Аязбаева мен мектеп медбикесі М Байгожинаның қатысуымен мектеп психологы Б.Дабылова 8 класс оқушыларымен ішімдіктің денсаулыққа зияны туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізіп,дөңгелек үстел ұйымдастырылған.

"Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында 5"а",5"ә" сынып оқушыларының қатысуымен мектеп кітапханасында "Үздік оқырман" сайысы өтуізілген. Осы сайыста "Үздік оқырман" атанған 5"ә" сынып оқушысы Мергенбай Нұрай жеңімпаз атанып, марапатталған.

Есімі күллі қазаққа ғана емес, Орта Азияның да тарихи тұлғасына айналған Темірбек Жүргеновтің еңбегі мен асыл мұрасын насихаттау мақсатында, жылдық жоспарға сәйкес " Тұғыры биік тұлға - Темірбек Жүргенов" тақырыбында 11 класта ашық тәрбие сағаты ұйымдастырылған. .Класс жетекшісі: Г.Т.Такеева

ҚР Тұңғыш Президенті күні – 1 желтоқсанда атап өтілетін Қазақстандағы мемлекеттік мереке. Осы мереке қарсаңында бастауыш класс оқушылары арасында "Тәуелсіздіктің нұры- тұңғыш ЕЛБАСЫ" тақырыбында бірыңғай тәрбие сағаттары өткізілген және 4 "А" класс жетекшісі Бурамбаева М.Б класымен аудандық кітапханаға барып "Тәуелсіздіктің нұры- тұңғыш ЕЛБАСЫ" тақырыбында танымдық сабақ берген.

7 "Б", 3 "Ә" , 1 " Ә" кластарынан құралған «Шаңырақ» оқушылар қауымдасытығының ұйымдастыруымен 1 желтоқсан Қазақстан Республикасының тұңғыш президент күні " Елін сүйген - Елбасы" тақырыбында мектеп акт залында кең көлемде мерекелік шара өткен.

9 желтоқсан Халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес күніне орай "Адал ұрпақ" клубының жоспарына сәйкес 2-3 класс оқушылары арасында " Адал еңбек бейнесі" тақырыбында сурет конкурсы ұйымдастырылған.

Қазақстан Тәуелсіздігіне 30 жыл толуына орай ұйымдастырылған қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновке арналған 7 кластар арасында " Темірбек Жүргеновті білесің бе?" атты интеллектуалдық ойын өткізіліп, нәтижесінде I орын 7" А" класс " Қаламгерлер" тобы II орын 7" Ә" класс " Зиялылар"

тобы. III орын 7 "Б" класс " Алаштықтар" тобы иеленген.

Қыздар арасында ашық сұхбат жүргізу үшін мектебіміздің 9-11 кластардың қыз балаларымен аудандық ауруханадан мамандар шақырылып кездесу ұйымдастырылды. Бой жете келе, жасөспірім шақта қыз бойында, психологиясында өзгерістер болады. Мұндай жағдайда жақынынан қолдау таппаған олар түрлі келеңсіз жағдайға ұшырап қалуы да мүмкін.

Осындай жағдайлардың алдын алуға бағытталған іс-шарада оқушылар гинеколог мамандармен кездескен.

11-желтоқсан күні Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай, мектепшілік 6-сыныптар арасында "Шағын футбол" жарысы ұйымдастырылған. Жарысқа оқушылар белсене қатысып, жарыс нәтижесі бойынша 1-орын 6"А" сыныбы, 2-орын 6"Ә" сыныбы, 3-орынды 6"Б" сыныбы иеленген және "Үздік ойыншы" атағына ие болған оқушылар анықталған. Жарысқа қатысушылар диплом және арнайы сыйлықтармен марапатталған. Жарысты ұйымдастырушы, дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Матенов.Ж.Ж

Қазақстан тәуелсіздіктің бесігінде тербеліп жатқанына 30 жыл. Осы мерейлі мерекеге арналған апталық жоспар аясында " Тәуелсіз елім, кең байтақ жерім" атты " 3" А", 6 "Ә", 9 "А" кластардан құралған " Шаңырақ" қауымдастығының мерекелік концерті ұйымдастырылған.

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 30 жыл толуына орай ұйымдастырылған қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновке арналған " Өмірі тұнған өнеге " атты дөңгелек үстел өткен. Дөңгелек үстелге Темірбек Жүргенов ауылының әкімі Тампишев Серікқали Қартбайұлы құрметті қонақ болып келіп, оқушыларға өзінің игі тілектерін айтып, алғысын білдірген.

" Тәуелсіз ел- Қазақстан" тақырыбында 2-4 кластар аралығында Тәуелсіздікке арналған жырларды жатқа оқу сайысы және 5-7 кластар аралығында ұлттық биімізді дәріптеген би сайысы ұйымдастырылған.

ҚР Тәуелсіздігіне 30 жыл толуына орай ұйымдастырылған апталық аясында "Тәуелсіздік мәңгілік елдің тұғыры" атты 5 класс оқушыларын " Жас ұлан", 1 класс оқушыларын " Жас қыран" балалар мен жасөспірімдер ұйымына салтанатты түрде қабылдау рәсімі өткен.

Каникул кезіндегі оқушылардың қысқы демалысын тиімді өткізу, пайдалы және белсенді іс-әрекетін ұйымдастыру жүйесін дамыту мен жетілдіруге бағытталған мектепшілік жоспар аясында 6 класс оқушыларымен аудандық ТЖД мамандарымен онлайн кездесу ұйымдастырылған.

Каникул кезіндегі оқушылардың қысқы демалысын тиімді өткізу, мақсатында құрылған мектепшілік жоспар аясында 4 "Б" класс оқушылары «Жаңа жылдық онлайн -шеберханасы, Өз қолыңмен жасаған сыйлық ең керемет сыйлық» атауымен жақындарына сыйлық сыйласа, 3" А" класы "Жаңа жыл -отбасылық мереке "фотоколлаж байқауын ұйымдастырған. Класс жетекшілері: О.С.Көшкінбаева . Г.С. Абилова

Н.Мағауияқызы жетекшілік ететін 9"А"сынып оқушылары ауданымыздағы төтенше жағдайлар бөлімінің қызметкерлерімен және жастар ресурстық орталығының волонтерларымен бірлесіп, аудан орталығындағы автокөлік иелеріне өрттен сақтану шаралары жөнінде түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, өрт кезіндегі алғашқы әрекеттер туралы сауалдар қойып,үлестірмелі қағаздар таратқан." Жемқорлықтың тарихи тамыры" тақырыбында өскелең жас ұрпақтың өн бойына адалдық, парасаттылық, әділдік, сенім құндылықтарын сіңіруге және жас буынның рухани болмысын бекітіп, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыру мақсатында 5 " Ә" класс оқушыларымен класс жетекшісі А.К.Ешимбетова және мектебіміздің ДТІЖО бірлесіп қазіргі эпидемиологиялық жағдайға байланысты бір сынып, бір класс жүйесі бойынша сыныптан тыс шара өткізілген.

Бір класс бір сынып жүйесі бойынша ДТІЖО- мен бірлескен "Адалдық жүрген жерде- адамдық жүреді" тақырыбында 2 "А" класында, тәрбие сағаты ұйымдастырылған. Класс жетекшісі: Г.Б.Нагишева

Еңбек , экономикалық және экологиялық бағыт бойынша 10 " А" класында "Алуан- алуан кәсіп бар,таңдай біл де, талап қыл" тақырыбында ашық тәрбие сабағы өткен. Класс жетекшісі: А.Д.Бактыбаева

Ұлттық тәрбие бағыты " Өнегелі бір сағат" жобасы аясында " Ұлттық ойын- халық мұрасы" тақырыбында 4 " В" класында ашық тәрбие сағаты өткізілген.

Халқымыздың тарихи – мәдени мұраларының түрлері сан алуан. Солардың қай – қайсысы да адамға, соның игілігіне қызмет етуге бағытталған. Осындай аса құнды мәдени игіліктердің бірі – ұлт ойындары. Ашық сабақ оқушыларға ата - бабамыздан бізге жеткен баға жетпес байлығымыз, асыл қазынамыз ұлттық ойын екендігін біліп өсуге, қызығушылықтарын арттыруға, денсаулықтарын шындай білуге тәрбиелеу мақсатында жүргізілген.

Көпмәдениеттік және көркем- эстетикалық тәрбие бағыты бойынша мектеп тәлімгері

Тілепбергенова Р. Өзін-өзі басқару ұйымымен "Оқушы мен ұстаз мәдениеті" тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырған. Дөңгелек үстел оқушылар мен ұстаздар арасындағы қарым-қатынас жасау мәселесі – психология ғылымындағы және тәлім-тәрбие ісіндегі әрі маңызды, әрі күрделі проблемалар жөнінде пікірлерімен өрбіген.

Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты бағыты бойынша "Салауатты өмір салтын сақтау жобасы аясында" «Көңілді спорттық ойындар» тақырыбында 2-3 кластар арасында сайыс ұйымдастырылған. Ұйымдастырушы: мекепе нұсқаушысы.

Әйтекеби аудандық кітапханасында коворкинг орталығында мемлекет қайраткері Д.Қонаевтың 110 жыл толуына орай "Қазағын сүйген қайраткер" атты танымдық кешке 8"б" сынып оқушылары және жетекшісі Құрымбаева Жансая қатысып, Д.Қонаев туралы мәлімет беріліп, слайдтар көрсетілген. Библиограф А.Ермағанбетова "Ұлағатты ұлы толға" атты кітап көрмесіне шолу жасаса, оқушылар "Халқының ұлы перзенті" өлеңінің үзінді шумақтарын оқып, өз үлестерінде қосқан.

Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі бағыты бойынша 1 "Б" класында жылдық жоспарға сәйкес ашық тәрбие сағаты өткізілген. Класс жетекшісі: Ж.Б.Өтеген.

Көпмәдениеттік және көркем эстетикалық бағыты бойынша 4" А" класында "Мұқағалиға 90 жыл" тақырыбында жылдық жоспарға сәйкес ашық тәрбие сағаты ұйымдастырылған. Класс жетекшісі: М.Б.Бурамбаева. Сондай-ақ, ақиық ақынның туылған күніне орай 1"Ә" класында "Мұқағали-мәңгілік ғұмыр" тақырыбында ашық тәрбие сағаты өткізілген. Класс жетекшісі: Г.А. Балмашева

Рухани - адамгершілік тәрбие бағыты бойынша жылдық жоспарға сәйкес "Ұлттың ұлы ұстазы" ұлт мақтанышы, қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойына орай 8 " Ә" класында "Ұлттың ұлы ұстазы" тақырыбында ашық тәрбие сағаты ұйымдастырылған. Класс жетекшісі: Г. Л. Еспенбетова.

Мектеп жанынан дебат бағыты бойынша «Патриоттық, адамгершілік, қайырымдылық» тақырыбында Т.Жүргенов орта мектебінде «МАКСИМУМ» дебат клубының ұйымдастыруымен дебат ұйымдастырылған. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Н.Б.Құдайбергенов дебаттық ойынды салтанатты түрде ашып, дебат жетекшісі Ж.К.Ешимбетов ойын ережелерімен таныстырып, дебатқа «Қазақ зиялылары» фракциясы мен «Ұшқын» фракциясы қатысқан. Сондай -ақ жоспар бойынша "Әлеуметтік желінің пайдасы мен зияны" тақырыбында тартысты дода өткен.

Көпмәдениеттік және көркем эстетикалық тәрбие бағыты бойынша жылдық жоспарға сәйкес 2 " Ә" класында "Кітап- сенің ақылшың" тақырыбында ашық тәрбие сағаты өткізілген. Класс жетекшісі: Г.А.Сапарова

Мектепішілік волейбол секциясы бойынша 8—11 класс оқушыларының қыз балалар арасында волейбол жарысы ұйымдастырылған.

Ақпан айының 11- і күні "Бала өмірінің қауіпсіздігі маңызды" тақырыбында жалпы мектепішілік ата-аналар жиналысы өткізілген. Жиналысқа аудандық ПБ ЖПҚБ ювеналдық полиция инспекторлары қатысқан. Мектеп директоры Л.Х.Еспанова құқық бұзушылықтың алдын алу бағытындағы жұмыстарды күшейту мақсатында мектебімізде дәрістер оқылып, үгіт-насихат жұмыстарының жүйелі жүргізіліп, орындалып отырғанын дәлелдермен жеткізген. Жасөспірімдерге психикалық денсаулықтың маңызын түсіндіріп, ақпараттандыру мақсатында 8 класс оқушыларына мектеп психологтары "Көңіл күйінді көтеріп, қуана біл!" тақырыбында тренинг - сабақ ұйымдастырған. Оқушыларға өзінің психологиялық - эмоциялық жай күйін қалай жақсартуға және стрестік жағдайларға қалай төзімділік танытуға болатыны туралы ақпарат - кеңестер ұсынылған.

Ұлттық тәрбие бағыты бойынша жылдық жоспарға сәйкес "Жыр алыбы - Жамбыл" тақырыбында өткен 8"Ә" класының тәрбие сағатында "Ұлағатты ұрпақ" мәдени-білім беру платформасын пайдаланып, оқушыларға толық мәлімет берілген. Класс жетекшісі: Еспенбетова Г.Л.

«Ұлағат» әкелер клубының қалыптасқан жылдағы дәстүр бойынша "Әке жолы - ізгі жол" атты әкелер апталығы ұйымдастырылған. Апталықтың бірінші күні мектепішілік әкелер жиналысы өткізіліп, жиналысқа жетпістен аса әкелер қатысқан. Апталық аясында 8-10 класс оқушыларының арасында "Көшбасшы әке" тақырыбында интеллектуалдық ойын ұйымдастырылған. Ойынға 6 оқушы әкелерімен қатысып нәтижесінде "Көшбасшы әке" атағын 8 "Б" класс оқушысы Қапан Ақнұрдың әкесі Асқаров Қайыржан иеленген.

Әкелер апталығы аясында 3-4 класс аралығында спорттық ойындар өткізілген. Ойынға 7 оқушы әкелерімен қатысқан. Барлық отбасылар мектепішілік алғыс хатпен марапатталған. Апталығы барысында "Әкеге қарап ұл өсер" тақырыбында "Бәйтерек" әкелер клубының төрағасының қатысуымен ер балалар жиналысы өткізілген. Сондай -ақ 6 "Ә" класында "Әке - асқар тау" тақырыбында ашық тәрбие сағаты кең көлемде ұйымдастырылған.

Класс жетекшісі: Тілепбергенова Р. Б.



Мектеп психологтары және әлеуметтік педагогтың ұйымдастыруымен салауатты өмір салтын насихаттай отырып, оқушылардың денсаулығын арттырып, шапшаңдыққа, төзімділікке тәрбиелеу мақсатында ЕБҚЕ 4-9 класс оқушылар арасында "Көңілді старт" спорттық сайысы ұйымдастырылған.

Сондай -ақ бала жылына байланысты "Мейірім"және "Жылы алақан"қайырымдылық акциясы ұйымдастырылған. Акция барысында оқушыларды аудандық кітапханаға,мұражайға барып жан-жақты мәліметтер алды. Мұражай қызметкерлері оқушыларды ерекше ілтипатпен қарсы алды. Мұражайдан шыққан соң оқушыларды спорт және балалар алаңына апарып ерекше қуантық. Саяхат соңында оқушыларды "Real "донерге отырғызып бүгінгі қайырымдылық шарасынан алған әсерлерін айтып, бала көңілдерімен өз алғыстарын білдірді.Шараны ұйымдастырушылар Әлеуметтік педагог:Б. А. Сотқароваға, Психолог: Б.А.Дабыловаға, Дефектолог:Сабит Р және демеушілік жасаған Л. Хамазақызы басқарған мектеп ұжымы.

Бастауыш сыныптарда ұлттық тәрбие бағыты бойынша, рухани - адамгершілік тәрбие бағыты бойынша жылдық жоспарға сәйкес 1 "А" класында «Төрт түлігім байлығым» тақырыбында ашық тәрбие сағаты өтсе, 3 "Б" класында «Сыр сандық» тақырыбында ашық тәрбие сағаты өткен. Класс жетекшілері: Г.Ш.Оразова. Смайлова Г. З

10 "Ә", 7 "Ә" , 4 " А" кластарынан құралған «Шаңырақ» оқушылар қауымдасатығының ұйымдастыруымен 1 наурыз Алғыс айту күні " Алғыс айту- парызым" тақырыбында мектеп акт залында мерекелік шара өткізген және өзін- өзі басқару ұйым мүшелері қарттармен кездесіп, Алғыс айту күнімен құттықтап барған. " Алғыс бата- бата ал" атты акция аясында да мектебіміздің " Көмек" еріктілер клубының мүшелері қарт кісілердің үйіне барып, қолғабыстарын көрсеткен.

1 наурыз «Дүниежүзілік Азаматтық Қорғаныс» күні қарсаңында 6 "А" класында " Төтенше жағдайлар және олардан сақтану жолдары" тақырыбында ашық тәрбие сағаты өткізіліп, тәрбие сағатына аудандық ТЖ мекемесінің № 9 Өрт сөндіру бөлімінің қарауыл бастығы лейтенант Н.А. Жоламанов және мектеп АӘД мұғалімі А.К.Сарманов қатысып, оқушылардың сауалдарына жауап берді. Класс жетекшісі: Н.Қ.Аязбаева.

Аналар мерекесі қарсаңында мектебіміздің биылғы түлектері " Анаға сый" атты мерекелік концертін аяулы аналарға, нәзік жанды ұстаздар қауымына арнап, өздерінің аналары мен ұстаздарына шексіз алғыстарын білдіріп, мерекелік көтеріңкі көңіл- күй сыйлады. Класс жетекшісі: Г.Т.Такеева

Ұлағатты ұстаз- аналарға арналған 2 "Б", 5 "А", 8 "Ә" кластарынан құралған «Шаңырақ» қауымдасатығының ұйымдастыруымен 8 наурыз халықаралық әйелдер күні" Ана- өмірдің гүлі " тақырыбында мектеп акт залында мерекелік концертке зейнеткер ұстаздар шақырылды.

«Вейп- денсаулыққа өте қауіпті!» атты акциясы аясында 8-11 класс оқушыларына мектеп инспекторының қатысуымен Вейп эпидемиясы туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

"Оқуға құштар мектеп- оқуға құштар ұлт" жобасы аясында мектеп кітапханасында кітапхана оқырмандары арасында "Менің сүйікті кітабым" тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. Оқырмандар өздері оқыған қызықты көркем әдеби кітаптарын ортаға салып, ой бөлісті және өзгелерге оқуға кеңес берілді.

14 наурыз күні Амал мерекесінен басталған Наурыз мерекесі 10 күн бойы өз деңгейінде аталып өтті. Қазақ халқының кез келген мейрамы ақ тілек пен батасыз өтпейді.15 наурыз күні мектебімізде БАТА БЕРУ КҮНІ "Атамекен " мен " Асар " бірлестігінің мүшелері арнайы жасақталған дәліздегі сахнаға қойылым қойып,ұлттық тағамдардан дастарқан әзірлеп, ас батасы, Наурыз батасы, балаларға арналған бата түрлерін көрсетті. Әжелер бата туралы түсінік беріп, келіндері көрермендерге бата жазылған парақшалар таратты.

«Ең әдемі киім – ұлтыңның киімі», - деген ұлы адамдар. 16.03.2022 күні мектебімізде ұлттық киімдерді насихаттауға арналған Шаттық күні аталып өтті. "Өнер" бірлестігінің ұйымдастыруымен ұлттық киімдер шеруі болды. Шеруге мектеп мұғалімдері мен оқушылар ат салысты. Шеруде ақсақал, бозбала бәйбіше, қалыңдық, қыз-келіншектердің ұлттық киім үлгілері көрсетілді.Табиғат – ол біздің өміріміздің қайнар көзі. Айналамызды тазалау, тал егіп, көшет отырғызу бұл жас ұрпақ үшін тәрбие мен тәлімге толы ұлағатты іс. Ал Қоршаған орта үшін тазалық қашан да бірінші орында тұрады. «Бір тал кессең, он тал ек», «Атаңнан мал қалғанша тал қалсын» деген қанатты сөздерге қарап-ақ көшет отырғызудың, айналамызды көгалдандырудың қаншалықты маңызды екендігін түсіну қиын емес. 16 наурыз Жайлау күні мектептің ішін жасыл аймаққа айналдыру мақсатында көркейту жұмыстары жүргізілді. Ұстаздар бөлме гүлдерін тарту етіп, қоршаған ортаны аялау арқылы өмір сүру сапасын жақсартуға болатынын шәкірттерге үлгі етіп көрсете білді.

Сарқыт — дәстүрлі қазақ қоғамындағы ежелден келе жатқан салттардың бірі, ырым. Сарқыт күні сахналық қойылым қойған " Өрлеу" бірлестігі мен мектеп кітапханашылары. Қойылым барысында

сүбелі салтымыз Сарқыт туралы түсінік беріліп, үлкен астан асатып, жастарға сарқыт беруді көрсетті. Дүбірлі тойдан "Сіздерде де осындай шаттыққа бөленіңіздер, сіздердің де отбастарыңызда осындай қазыналы той көп болсын" деген ырыммен көрермендерге сарқыт таратты. Оқушыларға тәттілер үлестірілді.

"Игі істер күні" қайырымдылық шарасы өтті. Бұл шараға мектеп ұжымы оқушыларымызғы оқу құралдар мен тәттілерді сыйға тартып, мерекелік дастархан жайды. Қайырымдылық шарасы Наурыз мерекесін, ұлттық ойындарды, ұлттық киімдерді, ұлттық асымызды насихаттай отырып, жақсы көңіл күй сыйлады. Ұйымдастырушылар: психологтар, әлеуметтік педагог, дефектолог маман.

Наурыз мейрамы – ерте заманнан түркі тілдес халықтары арасында кеңінен тойланып, заманына сай жаңарып, жаңғырып келе жатқан ұлттық мереке. Айнала көкжиекке оранып, тіршілік атаулысы қайта түлеп жаңарар атаулы мерекені 1-11 класс оқушылары арасында өткен "Армысың Әз Наурыз!" атты мерекелік концерт ұйымдастырылған.

Ұлыстың ұлы күні наурыз мерекесіне орай 20 наурыз "Шаттық" күні аудандық білім бөлімінің ұйымдастыруымен ұстаздар арасында "Ақылшы ене, ибалы келін" отбасылық байқауы өткен. Байқауға математика пәнінің мұғалімі Оразбекова Фариза Орынғалиқызы енесімен қатысып, жүлделі I орын иеленген. Әйтеке би аудан орталығының мәдениет үйінің алаңында өткен "Әз Наурыз" мерекелік шараға Балбұлақ бірлестігі қазақ халқының алуан түрлі ұлттық тағамдарын әзірлеп, мерекеге келген халыққа дәм татқызып, адамдар арасындағы сыйластықты, бір-біріне деген құрметті, қамқорлықты білдіретін, кісінің адамгершілігін, имандылығын айқындайтын қонақжайлық ұлттық дәстүрімізді дәріптей білді.

"Комек" волонтерлар клубының мүшелері көп балалы, жалғызбасты ана Кулмурзина Мадинаның үйіне барып, ауласын қардан тазалап, қол көмектерін көрсеткен.

4-5 сәуір күні «Мен офлайн» акциясы ұйымдастырылған. Мақсаты: интернетке тәуелділіктің алдын алу, кәметке толмағандардың интернет-белсенділігін бақылауға қатысты интернет-қызметтерді ересек пайдаланушылардың жауапкершілігін, интернет-пайдалану мәдениетін арттыру. 1-4 класс оқушылары арасында «Мен күнімді интернетсіз қалай өткіздім?» тақырыбында сурет салу байқауы, 5-11 класс оқушылар арасында «Мен OFFLINE» тақырыбында эссе байқауы ұйымдастырылған. 4-5 сәуір күнін интернетсіз өткізу ұсынылған.

Облыстық "Мен және менің полицейім" ұранымен өтіп жатқан акция аясында Әйтеке би аудандық ПБ ЖПҚБ ювеналдық полиция инспекторы Ж.П.Тулегенов жоғары класс оқушыларына кәсіби бағдар беріп, жасөспірімдерді полиция жұмысымен, акцияның мақсатымен таныстырған.

22 сәуір күні 4 "А" класс оқушылары "Балалар жылы" аясында Әйтеке би аудандық кітапханада ұйымдастырылған "Ымырттағы кітапхана" шарасына барып, "Айлакер қоян" ертегісін қойып марапатталған. Класс жетекшісі: М.Б.Бурамбаева

Мемлекет басшысы 2022 жылды «Балалар жылы» деп жариялады. Балалар жылына орай 26 сәуір күні аудан әкімі Дархан Жанысханұлы мен білім бөлімінің басшысы Берік Дүйсенғалиұлы жылдық жоспарға сәйкес өтіп жатқан 7 "А" класындағы ашық тәрбие сағатына қонақ болып қатысқан.

Отбасылық тәрбие бағыты бойынша жылдық жоспарға сәйкес 7 "Б" класында "Өнегелі отбасы" тақырыбында ашық тәрбие сағаты сайыс түрінде өтіп, жеңімпаз отбасылар марапатталған. Класс жетекшісі: Ф.О. Уразбекова

10 "А", 4 "В", 1 "А" кластардан құралған "Шаңырақ" оқушылар қауымдастығы 1 – Мамыр халықтар достығы күніне арналған «Ынтымағы жарасқан елміз» атты мерекелік концерт ұсынған. Шара барысында оқушылар ынтымақтыққа, достыққа, өз Отанын сүйуге, қорғауға бағытталған ән-жырларын көрермендеріне тарту еткен.

29 сәуір күні мектеп АКТ залында құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша ата-аналардың білімін жаңарту, тереңдету және жүйелеу мақсатында "Зорлық-зомбылыққа жол бермейік!" тақырыбында 8-11 класс ата-аналарының арасында коуч-семинар ұйымдастырылған.

1 мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі күніне орай "Бірлік" сабақтары жүргізілген. 2022 жыл – Балалар жылына орай 7 мамыр Отан қорғаушылар күні аясында "Ер борышы-ел қорғау" тақырыбындағы 8-10 кластар арасында спорттық ойындар өткізілген.

М. Әуезовтің 125-жылдығына арналған «Дәуірдің дара тұлғасы» тақырыбында 8 "Б" класында жылдық жоспарға сәйкес ашық тәрбие сағаты өткен.

2022 жыл – Балалар жылына орай 7 мамыр Отан қорғаушылар күні қарсаңында АӘД пәнінің мұғалімі Алтынбек Көмекбайұлымен 8-9 класс оқушылары кездесіп "Сыр-сұқбат" бағдарламасын өткізген.

ҚР "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Заңына сәйкес және ҚР Президентінің

2022 жылғы 22 ақпандағы Жарлығымен ҚР сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын орындау мақсатында 9 класс оқушылары арасында "Сыбайлас жемқорлық- қоғам дерті" тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырылған. Дөңгелек үстел барысында оқушыларға жемқорлыққа қарсы заңнаманы, сыбайлас жемқорлық туралы ұғымды түсіндіру жұмыстары жүргізілген.

Рухани адамгершілік тәрбие бағыты бойынша жылдық жоспарға сәйкес 6 "Б" класында " Мың бір мақал, жүз бір жұмбақ" тақырыбында ашық тәрбие сағаты сайыс түрінде ұйымдастырылған.Класс жетекшісі: Г.Қ.Туребекова

Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты бағыты бойынша жылдық жоспарға сәйкес 5 "А" «Ә» кластарында " Салауатты өмір , көтеріңкі көңіл" тақырыбында ашық тәрбие сағаттары өткен.

Жыл қорытындысы бойынша :

Аудандық «Ата жұрт білімділер мен жігерлілер» сайысында жүлделі ІІІ орын -2021ж

Әйтеке би ауданының білім беру қызметкерлерінің спартакиадасынан ІІ орын -2021ж

Әйтеке би аудан әкімінің «Бәйшешек» жүлдесі үшін өткізілген волейбол жарысында І орын -2021ж

Әйтеке би ауданының Төтенже жағдайлар бөлімінің өрт сөндіру -құтқару спорты бойынша жасөспірімдер арасында «Жас құтқарушы» мектепаралық турнирінде ІІІ орын -2022ж

Әйтеке би ауданы аумағында жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында өткен «Жас жол инспекторы» сайысында ІІІ орын -2022ж

Әр тоқсан соңында жүргізілген жұмыстарға мониторинг жасалып, жетістіктер ата-аналарға оқушылардың жетістіктері туралы хабардар етіліп отырған.

Әйтеке би аудандық білім бөлімінің 27 мамыр 2022 жылғы №254 бұйрығына сәйкес мектеп директоры«Т. Жүргенов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-нің 2021-2022 оқу жылында атааналармен жұмыс жоспары жасалған. Әр сынып бойынша ата-аналар жиналысы өткізіліп, мектеп ата-аналар кеңесіне кандидаттар ұсынылып, кеңес мүшелері тағайындалған. Кеңес төрағалығына Рахманова Нүргүл Дүйсенғалиевана тағайындалған. Ата-аналар кеңесінің жылдық жоспары жасалған. Жоспарда ата-аналар кеңесінің отырысы айына бір өткізілген. Оқу жылының басында ата-аналарға «Бала денсаулығы-ел байлығы» тақырыбында мектеп медбикесі баяндама оқыған. Мектептің дәстүрлі мерекелеріне ата-аналар қатысымы болған. Мектеп өмірімен етене танысып, балалардың оқу үлгерімін, сабаққа қатысымын білу үшін ашық есік күні өткізілген.

Өткізілген іс–шаралардың барлығы карантиндік талаптарды сақтай отырып өткен.

**2022-2023 оқу жылында** тәрбие жұмысының жылдық жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығына 2-қосымша, Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес оқутәрбие жүйесі білім берудің барлық деңгейлерінде бірыңғай идеологиялық және құндылықтар тәсілдеріне құрылған. Тәрбие жұмысының мақсаты: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығы негізінде 2019-2024 жылдарға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында тәрбиенің Тұжырымдамалық негіздерін іске асыруды ұйымдастыру; Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес оқутәрбие жүйесі білім берудің барлық деңгейлерінде бірыңғай идеологиялық және құндылықтар тәсілдеріне құрылады. Тәрбие жұмыстары барлық ынталы тараптар: отбасы, білім беру ұйымдары, қоғамның кең ауқымда қатысуымен кешенді түрде жұмыс жүргізу; Қазақстан Республикасының азаматтары және патриоттары ретінде қалыптасуы мен өзін-өздері танытуларына, әлеуметтенуіне, болашақ мамандық иесі болып, кәсіби, интеллектуалды және әлеуметтік шығармашылыққа жетуіне оңтайлы жағдай жасау. Адами капиталдың сапасын жақсарту мақсатында жастар патриотизм тәрбиелеуге және мұғалімдердің сана-сезімін жаңғыртуға аса мән береді. Тәрбие жұмысының міндеттері: Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азамат пен патриоттың қалыптасуына; тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыруға; балалар мен жастардың құқықтық санасының өсуіне, оның балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылық көріністеріне қарсы тұруға дайын болуына ықпал ету. Тұлғаның рухани-адамгершілік және этикалық принциптерін, оның қазақстандық қоғам өмірінің нормалары және дәстүрлерімен келісілген моральдық қасиеттері мен мақсаттарын қалыптастыруға ықпал ету. Тұлғаның жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға бағдарлануына, ана тілі мен қазақ халқының, Қазақстан Республикасында тұратын этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуіне ықпал ету. Бала тұлғасын қалыптастыруда ата-аналардың ағарту жұмысын, психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін күшейтуге, бала тәрбиесі үшін олардың жауапкершілігін арттыруға ықпал ету. Тұлғаның еңбек дағдыларын,

экономикалық ойлауы мен кәсіби қалыптасуы мен өзін-өзі іске асыруына саналы қарым-қатынас қалыптастыру, экологиялық мәдениетін дамыту, сондай-ақ эволюция идеяларын қабылдау қабілетіне және оны күнделікті өмірде басшылыққа алуына ықпал ету. Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістік қалыптастыру, оның ақпараттық мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету. Білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құруға ықпал ету, жалпымәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның өнерде және болмыста эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту. Салауатты өмір салты дағдыларын тиімді меңгеру, дене дамуы мен психологиялық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату. Балалар мен жастардың бойында Қазақстанға сырттан енуші этнодіни экстремизм мен түрлі радикалды ағымдарға қарсы әрекет ете алатын дағдылар қалыптастыру. Тәрбие жұмысының негізін жалпыадамзаттық құндылықтар (сенім, ақиқат, әсемдік, бостандық, қайырымдылық, жақсылық, махаббат, және т.б.) және ұлттық құндылықтар – (тәуелсіздік, патриотизм, толеранттылық, ана тілі, заңға бағынушылық, этникалық мәдениет, салт-дәстүр) құрайды.

**2022-2023 оқу жылына** арналған тәрбие жоспары төмендегідей сегіз бағытқа бағытталып құрылған: жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие; рухани-адамгершілік тәрбие; ұлттық тәрбие; отбасылық тәрбие; еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие; көпмәдениетті және көркемэстетикалық тәрбие; зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу; дене тәрбиесі, салауатты өмір салтын қалыптастыру. Сыныптан тыс жұмыстар мен тәрбиелік іс-шараларды жоспарлау және ұйымдастыру кезінде 2022-2023 оқу жылында аталып өтілетін мерейтойлық күнтізбелік күндер жоспарға енгізілген. Білім алушылардың функционалдық сауаттылықтары мен әмбебап құзырлылықтарын қалыптастыруға қол жеткізетін бағыттардың бірі – құндылыққа негізделген оқыту мен тәрбие бағдарламасы (одан әрі – Бағдарлама). Бағдарламаның шешуші идеясы оқу-тәрбие процесін білім алушыларды ұлттық құндылықтар негізіндегі жалпыадамгершілік құндылықтарға баулуға бағыттау. 2022-2023 оқу жылында құндылықтарға негізделген оқу-тәрбие бағдарламасын іске асыру шеңберінде «Рухани жаңғыру» бағдарламасы «Құқықтық мәдениет» жобасы, «Өзін-өзі басқару» ұйымы, «Құқықтық фракциясы», «Өнегелі бір сағат» жобасы, «Қамқорлық», «Дәстүр мен ғұрып», «Оқуға құштар мектеп» жобасы, «ЭКОstart» жобасы, «Салауатты өмір салтын сақтау» жоспарға кіріктірілген. Сонымен қатар ата-аналармен жұмыстар оқушылардың оқу жетістіктерін талдау, ата-аналарды сыныптағы эмоционалды климаттың жағдайымен таныстыру, психологиялық – педагогикалық ағарту, мәселелерін талқылау бағытында жүргізілген. Қазақстандық ұлтжанды, төзімді, рухани құндылықты, рух-жігері шындалған әлеуметтік жағынан белсенді тұлғаны қалыптастыру үшін жағдай тудыру және басымдылықтың бағыттарын айқындау: ашық ақпараттанған, әлеуметтік жағынан мығым білімді орта дайындау арқылы оқушыларды танымдық және шығармашылық әрекетке жеке тұлға ретінде өзін-өзі дамыту мен танытуын ұйымдастырудың кешенді шараларын жасауды қамтамасыз етіп, бәсекеге қабілетті, Отанын, елін сүйетін ұлтжанды, ақпараттық мәдениеті жоғары дамыған, шығармашыл құзыретті тұлға, эстетикалық сезімі кең, жаны нәзік, сұлу, салауатты, өзін-өзі, басқаны да өрге сүйрейтін қайратты, рухы таза, өнерпаз, ертеңгі ата-ана, тәрбиеші, өз елінің, басқа да елдердің салт-дәстүрін, өнерін құрметтейтін толерантты, мәдени, патриоттық құндылықтарды бойларына сіңірген оқушылар дайындалады. Осы аталған бағыттар бойынша педагогикалық кеңесте, әкімшілік жиналыстарында, директор жанындағы отырыстарда, ата-аналар жиналыстарында және класс жетекшілер кеңестерінің отырыстарында: «Жалпы адамзаттық құндылықтар – тұлғаны рухани адамгершілік тәрбиелеудің негізі», «Жас Ұлан» жасөспірімдер мен оқушылар ұйымының жұмыстарын ұйымдастыру, «Рухани Жаңғыру» бағдарламасының «Қоғам құндылығы» жобасы, бірыңғай ата – аналар сағатын ұйымдастыру туралы, «Әлеуметтік желідегі қауіпсіздік», «Салауатты өмір салтын қалыптастыруға арналған тәрбие жұмысы жүйесінің тиімділігі», «Мектеп бітіруші түлектердің еңбекке орналасуы», «Жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың алдын алу», «Баланың бос уақытын тиімді пайдалану», «Мектепке жол», «Қамқорлық» акциясының орындалуы, «Үйірме, спорт секцияларының жұмыстарын бақылау», «Оқушылардың сабаққа қатысуын», «Өзін – өзі басқару органы: Мектеп парламенті» жұмыстарын ұйымдастыру тақырыбында сұрақтар көтерілген. Тәрбие мәселелері кешенді бағдарламаның орындалуы, сыныптардың тәртіп деңгейлерін бақылау, оқушылардың сабаққа қатысуын бақылау класс жетекшілер отырысында қаралған. Сондай-ақ, класс жетекшілер отырысында төмендегі тақырыптар бойынша жұмыс жүргізілген: «Оқушылар арасында Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін насихаттау жөніндегі әдістемелік ұсынымдар мен нормативтік құжаттармен

танысу», «Мектептегі қосымша бағдарламалардың орындалуы туралы», «Ата – аналармен жүргізілетін жұмыстар түрлері», «Ата – аналарға психологиялық қызмет көрсету», «Ата – аналар жиналысын өткізу формалары», «Ата – ана, ұстаз оқушы». Рухани жаңғыру бағдарламасы бойынша 2022-2023 оқу жылының басталуына арналған «Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және отаншылдық» тақырыбында бірыңғай сынып сағаттары өткізілген. «Құқықтық сана – қауымға пана» жобасы бойынша «Абайлаңыз, балалар!» акциясы өткізілген. «Адалдық алаңы» жобасы бойынша «Адал ұрпақ», «Өзін – өзі басқару», «Жас ұлан», «Мектеп парламенті» жоспарлары құрылып жұмыстар жүргізілген. Рухани-адамгершілік тәрбие бағытында «Қамқорлық» жобасы «Мектепке жол» қайырымдылық акциясы ұйымдастырылған. «Ақылды волонтерлік» жүйесі негізінде оқушыларды «Қоғамға қызмет» әлеуметтік еріктілер жобасы бойынша «Адамдарға қуаныш сыйла» қайырымдылық акциясы ұйымдастырылған. «Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша «Бір отбасы – бір кітап» акциясы ұйымдастырылған. Республика күніне байланысты «Менің Отаным-Қазақстан» тақырыбында кітап көрмесі ұйымдастырылған. Мектеп табалдырығын жаңа аттаған 1-сынып оқушыларына кітапханамен таныстыру мақсатында «Кітапхана-білім ордасы» атты экскурсия өткізілген. Оқушылардың кітап оқуға, кітаппен дос болуға баулу мақсатында бастауыш сыныптар арасында «Өнегелі болса-бала көрікті» деген тақырыпта түрлі-түсті оқырман кеші ұйымдастырылған. «Әжемнің ертегілері» тақырыбында оқушыларға үй жұмысы беріліп, бейнежазбалар дайындалған. Бұл жұмыс ақ жаулықты әжелеріміздің халық ауыз әдебиетін жаңғырту, өскелең ұрпаққа дәріптеу, әже мен немере арасында сүйіспеншілікті арттыру мақсатында ұйымдастырылған. «Кітапханаға кітап сыйла» акциясы өткізіліп, акцияға мұғалімдер мен оқушылар белсене ат салысқан.

" 1 қыркүйек- Білім күні " тақырыбында өткен салтанатты жиыннан кейін барлық сыныпта " Терең білім, еңбекқорлық және отаншылдық қасиет" тақырыбында бірыңғай сынып сағаттары өткізілген. 5 қыркүйек - Қазақстан халқы тілдер күні. «Тіл-асыл қазына» онкүндігі жоспарланып, өткізілген. (5 қыркүйек-А.Байтұрсынұлының туған күні) Онкүндік аясында 10 кластарда

" Ұлтын ұлықтаған ұлы тұлға" тақырыбында дөңгелек үстел өткізілген.Ұйымдастырған класс жетекшілері. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері Туралина С мен Хасенова Н "Ұлт ұстазы-Ахмет Байтұрсынов " тақырыбында 5 кластар арасында саяхат сабағын өткізіп, ақынның өміріне, өлеңіне, аудармаларына шолу жасалған. 6-10 класс оқушылары арасында «Алаш қозғалысының қайраткері» тақырыбында челлендж ұйымдастырылған. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Абылай Жайнагүл 7-8 класс оқушылары арасында " Тіл білгірі" интеллектуалдық ойын өткізген. Нәтижесінде 7 класс оқушылары жеңімпаз атанған.

Отбасы күніне орай жоспарланған " Отбасы- бақыт мекені" апталығы аясында 5 кластар арасында " Отбасы- ұлттың тірегі" тақырыбында тәрбие сағаттары өткізілген. Жоспар аясында 1 класс ата-аналарына арналған "Оқу- тәрбие үдерісіндегі үштік одақ " тақырыбында жиналыс өткізілген. Апталық аясында «Отбасы құндылығы – сарқылмас қазына» тақырыбында 8-10 класс оқушыларымен ұстаз аналар арасында еркін микрофон ұйымдастырылған. Сондай-ақ 6-7 класс оқушылары арасында «Толағай" отбасылық спорттық сайыс өткен.

Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығының ұйымдастыруымен Ақтөбе облысынан шыққан батыр Сапура Мәтенқызына "Ел қорғаны- Сапура қыз" атты тақырыпта тәрбие сағатын өткізген. 7"А" сынып жетекшісі Н. Қ. Аязбаева.

Білім бөлімі мен Төтенше жағдайлар бөлімінің бірлескен жоспарына сәйкес "Сіріңке - бір өмірдің бағасы" акция аясында мектебіміздің 1-10 класс оқушыларының арасында сурет байқауы ұйымдастырылды. Нәтижесінде «Сіріңке –бір өмірдің бағасы» атты сурет байқауында бірнеше оқушылар жүлделі орындарға ие болып, алғыс хатпен, бағалы сыйлықтармен марапатталған.

Әйтеке би ПБ ЖПҚБ кәмлетке толмағандар істер жөніндегі учаскелік инспекторы, полиция лейтенанты Ж. М. Енсепбаевтың қатысуымен "Қылмыстық құқық бұзушылықтың алдын алу және есірткі заттарын зиянды екенін, жыныстық қатынас" тақырыбында 7-10 кластар аралығында түсіндіру жұмыстары жүргізілген.

8-10 сынып оқушыларымен «Жас Ұлан» ББМЖҰ мен Балалар өкілдігі және «Мектеп Парламенті» өзін – өзі басқару ұйымының алғашқы отырысы оқушылардың мектепті басқаруға қатысу құқықтарын жүзеге асыру, бойында ұйымдастырушылық пен бітімгерлік қасиеттері дарыған жеке тұлғаларды қалыптастыру,белсенді өмірлік ұснанымы қалыптасқан қабілетті көшбасшы тәрбиелеу мақсатында өткізілген. Отырыс барысында ұйымның тұжырымдамасы мен Бала құқығы туралы конвенция оқушыларға таныстырылған. Өткен оқу жылында «Жас Ұлан» ББМЖҰ мен Балалар өкілдігі және «Мектеп Парламенті» өзін – өзі басқару ұйымының белсенділері мектеп бітіріп кеткен тұлктер болғандықтан жаңа оқу жылына жаңа көшбасшыларды тағайындау жөнінде мәселелері

қаралған. «Жас Ұлан» ББМЖҰ мен Балалар өкілдігі және «Мектеп Парламенті» өзін – өзі басқару ұйымының жұмыс бағыттары түсіндіру жұмыстары жүргізілген.

2022 жылдың 23 қыркүйек күні мектептің екінші дәлізінде Мектеп парламенті сайлауы өткізілген. Мектеп парламенті сайлауына мектеп ұстаздары мен 2-11 класс оқушылары қатыстырылып, дауыстарын берген. Сайлаудан кейін саптық жиынында мектеп оқушыларының өзін-өзі басқару ұйымының президентін ұлықтау рәсімі өткізілген. Мектеп президентінің сайлауы 2022 жылдың 23- қыркүйегінде белгіленген ережелерге сәйкес ашық және жасырын дауыс беру негізінде өткен. Есеп комиссиясының шешімі бойынша ең көп дауыс санын жинаған 9 "А" сынып оқушысы Боранбаев Дарын 2022 – 2023 оқу жылының мектеп президенті болып сайланған.

" Жолда жүру ережесі " апталығы аясында 5 кластарда " "Жол ережесін білу- бәріне міндет" тақырыбында сынып сағаттары өткізілген.

11 қазан - Халықаралық қыздар күні «Сымбат» қыздар клубы өз жұмысын жүргізді. Клуб жетекшісі қыздармен отырыс ұйымдастырса, мектеп психологтары «Әдемі күл, сыпайы жүр, сұлу ойла» атты танымдық сабақ өткізген.

25 қазан Республика күніне арналған мектепшілік жоспарға сәйкес "Бірлігіміз жарасқан Қазақстан!" атты тақырыпта бірыңғай тәрбие сағаттары өткізілген. Жоспарға сәйкес "Менің Отаным Қазақстаным" атты тақырыпта мектептің екінші дәлізінде кітап көрмесі жасақталған. 25 қазан Республика күніне "Патриотизм дауысы" мектепшілік жиында Мемлекеттік гимнді жаппай орындау ұйымдастырылған. Республика күнін мерекелеу жөніндегі облыстық білім басқармасының жоспары аясында 2Б, 5Ә, 7А класс Шаңырақ қауымдастығының ұйымдастыруымен "Республикам менің" тақырыбында мерекелік кеш өткен. Республика күніне арналған бірыңғай диктант жұмысы алынған. " Қыран елім- Қазақстан " тақырыбындағы диктант жазуға 1- 4 кластардан 179 оқушы 5-10 кластардан 247 оқушы қатысқан. Барлығы 426 оқушыдан алынды. Республика күнін мерекелеу жөніндегі облыстық білім басқармасының жоспары аясында үйірме жетекшілері 5- 6 сыныптар арасында "Қазақстаным-кең байтақ жерім" тақырыбында жас суретшілер көрмесі ұйымдастырған. Мемлекеттік рәміздердің 30 жылдығына ұйымдастырылған "Мемлекеттік рәміздер-ұлттық бірегейліктің тірегі" апталық аясында "Мемлекеттік рәміздер-ел мәртебесі" тақырыбында 8А, Ә, Б кластарда дөңгелек үстел ұйымдастырылған. Осы апталық барысында "Менің Тәуелсіз Қазақстаным" тақырыбында 2-4 кластар арасында мәнерлеп оқу сайысы өтіп, жеңімпаз оқушылар марапатталған.

"Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында мектеп оқушыларымен әр түрлі жастағы балаларға арналған көркем әдебиеттермен таныстырылым жүргізілген.

"Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында мектеп кітапханасында 4"ә" сынып оқушыларына "Бір кітап- бір сынып" кітап оқуға шақыру бағыты бойынша "Өнеге болса-бала көрікті" атты сынып болып бір шығарманы оқып ,талқылау ұйымдастырылған. "Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында әр түрлі жастағы мектеп оқушыларымен кітап оқу құзыреттілігін арттыруға бағытталған іс-шаралар іштен оқу , тыныш оқу, мағыналы оқу сағаттары өткізілген. Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында, «Оқитын 100 кітап» айлығы бойынша барлық класс оқыған кітаптарын тәрбие сағаттарында қорытындылаған. "Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында атаулы жылдар бойынша жоспарланған жұмыстар аптаның бірінші күні жиында қорытындыланған. 14 қараша күнгі жиынды 10"А" класс оқушылары Қаз дауысты Қазыбек бидің 355 жылдығына арнаған. "Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында 6"ә"класс оқушыларының қатысуымен "Кім көп біледі?" атты сұрақ-жауап сайысы өткізілген. Сайыстың мақсаты: оқушылардың алған білімдерін тексере отырып, ақыл, ой-өрісін дамыту. Жылдам - тез жауап берген оқушылар 1,2,3 орынды иеленіп мақтау қағазымен марапатталған. "ОҚУҒА ҚҰШТАР МЕКТЕП " жобасы аясында мектеп кітапханасында өткізілген "Кітап арт" шарасы өткізілген. Шараның мақсаты оқушылардың оқыған ертегісіндегі кейіпкерлерінің суретін салу. Ал кішкентай балалар үшін сурет салу өте маңызды. Сурет салу арқылы кітапқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру. Сондай- ақ балалардың санасын дамыта отырып алған ақпараттарын нақтылау. "Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында мектеп кітапханасында оқушылар арасында "Библиошар"- викториналық ойындары ұйымдастырылған. "Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында оқырмандар арасында мектеп кітапханасында тыныш оқу, мағаналы оқу, үзіліс кезінде бастауыш сыныптар арасында қалам арқылы оқитын көркем әдебиеттерді тыңдау өткізілген. "Оқуға құштар мектеп " жобасы аясында қысқы демалыс кезінде өткізіліп жатқан "Қыста оқиық " марафоны ұйымдастырылды.

ҚР Қарулы күштер құрылғанына 30 жыл толуына орай жылдық жоспарға сәйкес АӘД пәні мұғалімі Сарманов А.К кездесу кешін ұйымдастырған.

Күзгі демалысты тиімді пайдалану мақсатында "Қауіпсіз демалыс - 2022" атты 4 класс оқушылары арасында еркін форматта сурет байқауы ұйымдастырылып, нәтижесі анықталып, марапатталған. Класс жетекшілері :Кушкинбаева О.С. Оспанова А.

2022 жылдың 7 қараша күні Әйтеке би ауданы білім бөлімі Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірбие орталығының 2022 жылғы 3 қараша №752 хаты негізінде кәмлетке толмағандар арасында есірткі заттарын қолданудың алдын алу мақсатында 8-11 кластар арасында "Ертеңді ойласаң есірткіге жолама!" тақырыбында бірыңғай тәрбие сағаты ұйымдастырылған. 022 жылдың 7 қараша күні Әйтеке би ауданы білім бөлімі Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірбие орталығының 2022 жылғы 3 қараша №752 хаты негізінде кәмлетке толмағандар арасында есірткі заттарын қолданудың алдын алу мақсатында "Ертеңді ойласаң есірткіге жолама!" тақырыбында 7 кластарға диспут сабағын өткізген.

Оқушының санасын улайтын түрлі қауіпті сайттардан қорғау мақсатында «Қауіпсіз интернет» атты ақпараттық науқаны ашылып, іс-шаралар жоспарланған. Науқан барысында " Интернет әлеміне саяхат" тақырыбында 11 "А" сыныбында сынып сағаты өткізілген. "Қауіпсіз интернет" онкүндігінде "Пайдалы және қауіпсіз интернет"\* тақырыбында 7ә, 8ә сыныптарында тренинг сабақ өткізілген. . 2022 жылғы 10 – 20 қараша аралығында өтіп жатқан "Қатыгездік пен пен зорлық-зомбылықсыз балалық шақ" ақпараттық науқан аясында онкүндік жұмыс жоспары құрылып, бекітілген. Жоспар барысында 10 қараша күні 10 класс оқушылары арасында " Құқығым бар..." тақырыбында эссе байқауы ұйымдастырылған.

Рухани-адамгершілік тәрбие бағыты бойынша аудандық ішкі саясат бөлімінің маман шақыртылып, 8-11 класс оқушыларына "Дін мен дәстүр егіз ұғым" тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырылған.

"Қатыгездік пен пен зорлық-зомбылықсыз балалық шақ" ақпараттық науқан аясында " Зорлық-зомбылық туралы не білеміз?" айдарымен өзін-өзі басқару ұйымы ашық микрофон ұйымдастырса, КТІЖИ Енсепаев Жеңіс Маратұлы оқушыларға құқықбұзушылық ,жаза туралы толық ақпараттар беріп, диалог орнатқан. Класс жетекшілер " Зорлық зомбылықсыз балалық шақ" тақырыбында сынып сағаттарын өткізген. Осы науқан аясында "Отбасы және бала тәрбиесі " тақырыбында ата-аналарға арналған коуч- семинар өткізілген. Коуч- семинарда жалпы бала тәрбиесімен қоса қауіпсіз интернет туралы ақпарат та ата- аналармен талқыланған.

"Бақыт мекені" тақырыбында ерекше білімді қажет ететін оқушылар мен ата-аналарына коуч-сессия өткізілген. «Бақытты бала - отбасы айнасы» тақырыбында 10 "а", 10 "ә" сыныптарына подкаст,5-7 сыныптар арасында үзілісте тимбилдинг жаттығулары,11 "а", 11 "ә" сыныптарында «Қаптағы бұзылған картоп» психологиялық тәжірибесі өткізілген.

16 желтоқсан- Тәуелсіздік күніне орай 1- 11 класс аралығында тәрбие сағаттары, дөңгелек үстелдер, семинар конференциялар, ауызша журнал, театрланған сабақтар,экскурсия сабақтары өткізілген. Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында 7-12 желтоқсан аралығында мектепшілік шахмат олимпиадасы ұйымдастырылған. Мереке қарсаңында Республикалық бірыңғай" Жас Қыран" және " Жас Ұлан" балалар мен жасөспірімдер ұйымына салтанатты түрде қабылдау жиыны өткен.

" Сымбат " қыздар клубының жетекшісі: А.Мырзағұл ұйымдастыруымен " Адам бойында бәрі де әдемі , сұлу болуға тиіс" тақырыбында 5-11 кластың қыз балаларына арналған қыздар жиналысы өткізілген.

2022-2023 оқу жылында 30 класс комплектсі жұмыс жасаған. Барлық класс жетекшілер ҚР кешенді тәрбие бағдарламасының 8 бағыт бойынша жұмыстарын толық қамтып, жүргізген. Сынып сағаттарының кесте бойынша уақытылы өткізіліп, іс-шаралардың материалдық базалары жинақталған. Барлық іс –шаралардың мәліметтері әлеуметтік желілерге уақытылы жүктеліп отырылған. Атаулы даталарға оқушылар көптеп тартылған. Жоспарланған ашық сынып сағаттары өз деңгейінде өткізіліп тұрған. «Шаңырақ» оқушылар қауымдастығы 2022-2023 оқу жылында да жұмыстарын өз деңгейінде жалғастырған. Барлық кл жетекшілер өздеріне берілген мерекелерде жауапкершілікпен шараларын ұйымдастырып, жұмыстарын мектептің әлеуметтік парақшасына жариялап отырған.

Жылдағы дәстүр бойынша «Бәйтерек» әкелер клубының жұмысы да қарқынды түрде жүргізілген. Биылғы ерекшелік «Ұлағат» әжелер клубы құрылған. Алдағы уақытта арнайы әзірленген жоспар бойынша әжелер клубының жұмысы да жүйелі жүргізілетін болады. Мектептегі «Жігер» ер балалар клубының, «Сымбат» қыз балалар клубының жылдық жоспары оқу жылының басында құрылып бекітіліп, жоспар бойынша жүргізілген іс-шаралар назарға алынып отырылған. Оқуға құштар мектеп

жобасы аясында әр сыныпқа «100- кітап» жобасы бойынша әдеби кітаптар беріліп талданған. Сонымен қатар дүйсенбі күнгі жиында әр сынып өздеріне бөлініп берілген ұлы тұлғалардың мерейтойларына арналған әдеби монтаждарын ұсынып отырған. "Maximum" дебат клубының жылдық жоспар бойынша мектепішілік турнирлер үздіксіз жүргізіліп отырылған. Нәтижесінде «Достық, бірлік, татулық» атты аудандық пікірсайыс турнирінен 3 орын алған. Дебат клубының жетекшісі: Жанболат Кенжеғалиевич. «Өркен» театрының жыл басында жоспары құрылып, мүшелерінің тізімі жасақталған. Театр мүшелері мектептегі шараларға белсене араласып, «Ең үздік театр-2023» аудандық байқаудан мадақтама алған. Аудандық КВН- ге маусымашарға қатысып, мақтау қағазын иеленген. Жетекшісі Құрымбаева Жансая.

Қоғам қайраткері Т.Жүргеновтің 125 жылдығына аудан көлемінде 3 бөлімнен тұратын ауқымды конференция ұйымдастырылған және Республика көлемінде ұйымдастырылған турнирге мектеп ұстаздары мен оқушылары қатысып келген. Жүргеновтің 125 жылдығына және «Замандас» театрының 20 жылдығына арналған театрландырылған қойылымға мектеп ұжымы қатысып, 1 орын алып 80 мың теңгенің сертификат иеленген.

Каникул кезінде де класс жетекшілер және үйірме жетекшілері өздеріне берілген тапсырманы дер кезінде орындап, жұмыстарын әлеуметтік желіге жариялап отырған. Қауіпсіздік ережелеріне арналған түсінік жұмыстары жүргізілген. Жазғы алаңдар шешендік өнер, оқуға құштар, дебат, театр бағыттары бойынша түрлі шаралар ұйымдастырылған.

Бағаланатын кезеңге оқушылардың субъективті жаңа білімді меңгеруі мен таным мәселелерін шешуге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды сіңіруге бағытталған тәрбие жұмысы жоспар бойынша жүзеге асырылған.

**2023-2024 оқу жылында** тәрбие жұмысының жылдық жоспары Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 19 қыркүйектегі Жоғары оқу орындарынан басқа білім беру ұйымдарына арналған «Біртұтас тәрбие бағдарламасының» (әрі қарай Бағдарлама) бекіту туралы №294 бұйрығы негізінде «Ақтөбе облысының білім басқармасы» ММ-нің 2023 жыл 20 қыркүйек №398 бұйрығы және Әйтеке би аудандық білім бөлімінің 2023 жылғы 27 қыркүйектегі №414 бұйрығын басшылыққа ала отырып, "Біртұтас тәрбие бағдарламасын", мүдделі мемлекеттік органдармен 2023-2026 жылдарға арналған "Біртұтас тәрбие бағдарламасын" іске асыру жөніндегі бірлескен жоспарды, "Бірыңғай тәрбие бағдарламасын" іске асыру жөніндегі кешенді жоспарды іске асыру үшін мектептің 2023-2024 оқу жылына арналған «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру кешенді жоспары жасақталған.

Өскелең жас ұрпақты рухани-адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелеу – барлық кезеңде өзекті. Біздің келешегіміз – жас ұрпақ, ал ұрпақ тәрбиесі адамзаттың мәңгілік тақырыбы. Ел ертеңі болар бүгінгі балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу, әлеуметтік тұрғыдан барынша қамтамасыз ету, толыққанды білім алуына жағдай жасау, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау Қазақ елінің ұлттық саясатының басты бағыттарының бірі. Тәрбие мен оқыту өзара тығыз байланысты, бір бірінен бөліп алуға болмайтын біртұтас процесс. Білім беру ұйымдарындағы тәрбие пән мазмұны, сынып сағаттарының және мектептен, сыныптан тыс қосымша білім беру мазмұны арқылы жүзеге асады. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы қасиетті Түркістан қаласы, Түркі елінің шаңырағында өткізілген «Әділетті Қазақстан - Адал азамат» атты II Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде: «Адал азаматқа тән қасиеттер әрбір жастың бойынан табылуы керек, ұрпақтың бойында жаман әдет болса, бұл үлкендердің кінәсі»- дей келе, Әділетті Қазақстанды құру үшін: бүкіл қоғам болып жұмылу керектігін: - ең бастысы, әр азаматтың сана-сезімі жаңғыруы қажеттігін; - халқымыздың дүниетанымы және өмірлік ұстанымдары өзгеруге тиіс екендігін; - әйтпесе, басқа реформаның бәрі бекер болатындығын нақты атап өтті. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді. 1. Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу. 2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу. 3. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлы болуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен Ұсыным әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру. 4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.

5. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді



қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Бағдарлама жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде адал азаматты тәрбиелеуді көздейді. Білім беру ұйымының тәрбие жұмысының мазмұнында **ұлттық мүдде, ар-ұят, талап** сияқты құндылықтар көрініс тапқан.

Бағдарлама аясында құрылған мектептің кешенді жоспарына «Оқуға құштар мектеп», «Балалар және театр», «Еңбегі адал жас өрен»(Еріктілермен жұмыс), «Ұшқыр-ой алаңы», «Жеткіншектің жеті жарғысы», «Ұлттық мектеп лигасы», «Ғаламтор қауіпсіздігі», «Төрт тоқсан-төрт өнер», «9 ай- 9 іс-шара», «Ата-аналар мектебі» жобалары енгізілген.

1 қыркүйек-білім күні «Мектеп–мейірім мекені» Білім күніне арналған салтанатты жиын мен барлық сыныптарда тәрбие сағаттары өткен.

Биылғы оқу жылынан білім беру ұйымдарының барлық тәрбие жұмысының мазмұнында біртұтас тәрбие бағдарламасы негізінде жүзеге асырылды. Бағдарлама жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде адал азаматты тәрбиелеуді көздейді. Ұлттық мүдде, ар-ұят, талап сияқты құндылықтар көрініс табуы қажет.

Біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру аясында “Бәйтерек ” әкелер мектебі жобасының жұмыс жоспарына сәйкес әкелер апталығының ашылу салтанаты бір шаңырақ қауымдастығы болып бекітілген 10"А" , 7"Ә" , 6" А" , 4"А" кластардың ұйымдастыруымен өткен. "Әке жолы-ізгі жол" апталық аясында ұйымдастырылған "Әкемен бірге ойнаймыз" тақырыбында 2- 3 сынып оқушылары мен әкелері арасында қысқы спорттық марафон ұйымдастырылған. Сонымен қатар "Ата кәсібі-бала кәсібі" тақырыбында әкелерімен тәрбие сағаты өткізілген. Ұйымдастырушы класс жетекшілер: Г. Олжабаева А. Маханова Д. Махамбеталина. Біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру аясында “Бәйтерек ” әкелер мектебінің жұмыс жоспарына сәйкес өтіп жатқан " Әке жолы - ізгі жол" әкелер апталығының төртінші күні "Жігер" ер балалар клубының мүшелері аудандық қоғамдық кеңестің төрағасы, ауданның Құрметті азаматы Ермағанбет Ақансері бастаған топпен кездескен. Қадірлі қариялардың ақыл- кеңестерін , ғибратты әңгімелерін тыңдап , батасын алған.Осы апталық аясында ұйымдастырылған "Рухы биік әкелер- ұлт болашағын мәпелер" тақырыбында 9-11 сынып класының әкелерінің арасында әскери көп сайыс ұйымдастырылып, әкенің төрдегі орны мен түздегі орны айқындалып көрсетіліп, түгел ұлттың тізгінін ұстайтын дәл осы абыройлы әке екендігін оқушыларға көрсете білген.

Халықаралық әйелдер мерекесіне арналған " Аяулы ана — ардақтым" атты мерекелік концерт өткен. Мерекелік шараға жауапты 1"А" , 5" А" 8"Ә" кластарынан құралған " Шаңырақ " қауымдастығы жоғары деңгейде ұйымдастырылған.Ұйымдастырған класс жетекшілер1"А" класс Кушкинбаева О. 5"А" класс Олжабаева Г8 "Ә" класс Тілепбергенова Р

11-15 наурыз аралығында “ Дені сау ұрпақ-ел болашағы “атты ”Жігер”бірлестігінің апталығы аясында 4 класс оқушылар арасында”Ұлттық ойын”сайысы ұйымдастырылған. Жеңіске жеткен кластар мақтау қағазбен және тәттілермен марапатталды.

Білім беру саласындағы мемлекеттік саясат оқу-тәрбие процесінің денсаулық сақтау моделін жетілдіруге бағытталған. Осы стратегияны іске асыру мақсатында " Сергіту сәті" челленджі ұйымдастырылған.

2023жылдың 07қыркүйек күні "Біртұтас тәрбие бағдарламасы: іске асырылу жолдары" тақырыбында класс жетекшілердің 1 отырысы өткізілген."Біртұтас тәрбие бағдарламасы" туралы ақпараттар беріп, кешенді жоспардың құрылуы жөнінде түсіндірілген. Жалпы Республикалық отбасы күніне орай " Менің отбасым - менің тірегім" атты қайырымдылық акциясы ұйымдастырылған. Мектеп АКТ залында ЕБҚЕ оқушылары мен ата- аналарына арналған шара барысында мектеп мұғалімдері және "АМАНАТ" партиясы Әйтеке би аудандық филиалының "Комсомол" бастауыш партиясы мүшелері атынан демеушілік жасалып, бастауыш партия ұйымы төрағасы А.Ж.Шайхина сыйлықтарын табыс еткен.

Республикалық Отбасы күніне арналған «Отбасы-менің тірегім» атты отбасылық спорттық сайыс өткізілген және Отбасы күніне арналған «Отбасы-ынтымақ ошағы» атты сынып сағаттары ұйымдастырылған.

Мектеп АКТ залында "Адал ұрпақ" ерікті мектеп клубының мүшелерімен "Қылмыс пен жаза" тақырыбында дөңгелек үстел өткен.Сондай-ақ " Kozgaras" дебат клубының мүшелері арасында " Жемқорлық - індет жою- міндет" тақырыбында пікірталас ұйымдастырылған. Баланы жәбірлеудің ( буллингтің ) алдын алуға бағытталған апталықтың жұмыс жоспарына сәйкес 19.10 күні "Kozgaras " дебат клубының мүшелері арасында " Буллинг: " Қатыгездік қайдан , қауіп неден?" тақырыбында пікірталас өткен. Жетекшісі: Ж.Ешимбетов

1-қазан қарттар күні мерекесіне орай 10 Ә, 7 А, 4 Ә кластарынан біріккен "Шаңырақ"

қауымдастығы "Қарттарын қадірлеген ел ардақты" тақырыбында мерекелік концерт өткізіп, қарттарды құрметтеген.

Әйтеке би аумағында "Абайлаңыз балалар" профилактикалық іс- шаралар аясында Әйтеке би аудандық полиция бөлімінде ашық есік күні ұйымдастырылған.

Ұлт қайраткері Темірбек Жүргеновтің ұрпақтары және бір топ зиялы қауыммен мектептің мәжіліс залында кездесу шарасы өткен. Кездесу шарасы мектептің шағын жәдігерлері мен көршілес Ырғыз ауданымен шығармашылық байланыс орнатқан тақырыптық көрмемен танысудан басталған. Бұл кездесу шарада бабамыздың ұрпақтары кеш қатысушыларының мағыналы да көкейкесті сауалдарына жауап беріп, мемлекет, қоғам қайраткерінің ғибратты да қасіретті ғұмыры туралы сыр шертісті..

Ұлттың рухын оятқан қайраткерге арнаған игі шараның соңында абзал ағаларымызға естелік кітаптары сыйға беріліп, осы жылы арнайы тапсырыспен жасатқан "100 " теңгелік монетаны кітапхана ұжымы мен Т.Жүргенов атындағы мектеп ұжымына тапсырды. Алаштың айбынды азаматтарының ұрпақтарының қатысуымен өткен аудандық шара ұжым педагогтарының хоры мен мектеп оқушыларының сырлы сазымен жалғасқан тауып есте қалалықтай кеш болған.

"Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында 6-а сыныбының қатысуымен мектеп кітапханасында "Бір сынып-бір кітап" сынып болып бір шығарманы оқып талқылау барысында Темірбек Қараұлы Жүргеновтың 125-жыл толуына орай "Ұлт мәдениетіне темірқазық болған-Темірбек" атты кітап көрмесі ұйымдастырылып, Т. Жүргенов туралы зерттеулер, мақалалар, жыр толғаулар мен арнау өлеңдер жинағындағы "Олар 19 еді.." мақаласына ауызша библиографиялық шолу жасалған. Оқушылар қоғам және мемлекет қайраткері Т.Жүргенов туралы тереңірек біліп, мол ақпарат берілген.

2023 жыл 13 қазан күні Әйтеке би станциясының ЖПБ-нің бастығы полиция майоры Т.Иманкулов Т.Жүргенов атындағы ЖББОМ 10-11 сынып оқушыларына кәмелетке толмағандар тарапынан жарақат алу, құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алу, жолаушылар пойыздарында әйнектің сынуын болдырмау, теміржолға бөгде заттарды салуды болдырмау мақсатында түсіндіру жұмыстарын жүргізген. Сондай-ақ балалардың жарақаттануының алдын алу, темір жол көлігі объектілеріндегі жазатайым оқиғалардың алдын алу және жолын кесу бойынша «Темір жол – қауіпті аймақ», «Көліктегі Қауіпсіздік» тақырыптарында дәріс оқыған.

Ақтөбе облысының білім басқармасының N2/4221 хаты бойынша Кәмелетке толмағандар арасындағы және оларға қатысты құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында өткізілген кеңес хаттамасын негізге ала отырып, мектеп пен ата- ана арасындағы байланысты нығайтып, ата- ананың бала тәрбиесіндегі жауапкершілігін арттыру мақсатында қазан айының 1-нен бастап оқу жылының аяғына дейін ата- аналардың кезекшілігі құрылған.

Әйтеке би ауданы ПБ КТІЖ УПИ полиция аға лейтенанты Ж.Еңсепбаевтың және Әйтеке би ауданы прокуратурасының прокуроры Жолай Қайырбек Бақытбекұлының қатысуымен жоғары сынып оқушыларымен жиналыс өткізілген. Жиналыс барысында 2023-2024 жылға арналған бағдарлама негізінде құқық бұзушылықтың алдын-алу, балалар қауіпсіздігінің алдын-алу және мектеп, ата-ана, бала тақырыбында сөз қозғалған.

11 қазан - Халықаралық қыздар күні мерекесіне орай 8-11 кластың қыз балаларына арналған жалпы жиналыс және дөңгелек үстел өткізілген.

Баланы жәбірлеудің ( буллингтің ) алдын алуға бағытталған апталықтың жұмыс жоспарына сәйкес 16.10 күні 1- 11 класс аралығында " Зорлық- зомбылықсыз балалық шақ " тақырыбында тәрбие сағаттары өткізілген.

Баланы жәбірлеудің (буллингтің) алдын алуға бағытталған апталықтың жұмыс жоспарына сәйкес 17.10 күні мектеп психологтарының ұйымдастыруымен “Буллинг және оған қарсы тұру” тақырыбында 5 класс оқушыларына психологиялық тренинг алынған.

Әйтеке би ауданы ПБ КТІЖ УПИ полиция аға лейтенанты Ж.Еңсепбаевтың және Әйтеке би ауданы прокуратурасының прокуроры Жолай Қайырбек Бақытбекұлының қатысуымен Т.Жүргенов атындағы ЖОББМ-де жоғары сынып оқушыларына жиналыс өткізген. Жиналыс барысында 2023-2024 жылға арналған бағдарлама негізінде құқық бұзушылықтың алдын-алу, балалар қауіпсіздігінің алдын-алу тақырыбында сөз қозғалды. Сонымен қатар, құқық бұзушылықтың алдын-алу бағытында видеороликтер көрсетілген.

Балалар кітапханасы жобасы аясында " Бір отбасы- бір кітап" тақырыбында отбасымен бірге кітап оқуға шақыру мақсатында 4 сыныптар арасында бейнеролик түсіру ұйымдастырылған. 25 қазан Республика күніне орай мектеп кітапханашылары " Тәуелсіздік- елімнің еркін жолы " тақырыбында кітап көрмесі ұйымдастырылған.

Баланы жәбірлеудің (буллингтің) алдын алуға бағытталған апталықтың жұмыс жоспарына сәйкес 19 қазан күні мектеп психологтарының ұйымдастыруымен “Біз Буллингке қарсымыз” тақырыбында 9 класс оқушыларымен дөңгелек үстел өткізілген.

9 ай 9 іс – шара жобасы аясында және 25 қазан-Республика күніне арналған "Қазақстан дауысы" Мемлекеттік гимінді жаппай орындау акциясы орындалған.

Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл толуына орай мектебімізде 6 сыныптар арасында "Шәкәрім мұрасы - мәңгілік" тақырыбында дөңгелек үстел өткен.

23 қазан күні ұлттық мереке 25 қазан - Республика күніне арналған " Бірлігіміз жарасқан Қазақстан! " атты бірыңғай тәрбие сағаттары өткізілген. Мерекеге орай 2-3 кластар арасында спорттық шара және "Қазақстаным-кең байтақ жерім"тақырыбында бастауыш сыныптар арасында сурет көрмесі ұйымдастырылып, оқушылар белсене қатысқан.

Республика күніне арналған "РЕСПУБЛИКА .ЕРІКТІ ЕЛ -ҚАЗАҚСТАН" атты мерекелік кеш ұйымдастырылған. Ұйымдастырушылар 2"А", 6"Б", 9 "А" класс Шаңырақ қауымдастығы. "Ымырттағы кітапхана-2023" мәдени шарасы аясында аудандық кітапханасында 25 қазан Республика күніне орай " Байтақ елім, сәулелі-Қазақстан" атты тақырыпта әдеби кеш өткізілген. Әдеби кешке 10"А" және 11"А" класс оқушылары мен класс жетекшілері қаттысып, белсенділік танытқан.

Өзін-өзі басқару ұйымы президентін ұлықтау рәсімі өткен.Мектеп президенті лауазымына үміткерлер сайлау алдындағы бағдарламаларын ұсынып, таныстырылған.

Мектеп президентін сайлау үрдісі жалпыға бірдей теңдік және сайлау бостандығы қағидалары негізінде жүзеге асырылған. Дауыс беру қорытындысы бойынша 10 сынып оқушысы Алшанова Нұрдана барлық кандидаттар арасында ең жоғары дауыс жинап, жаңа президент лауазымына тағайындалған. Жаңа президентпен бірге мектептегі өзін-өзі басқару ұйымының жаңа құрамы анықталып, куәліктер табысталған.

Ақтөбе облыстық әдістемелік орталығының ұйымдастыруымен "Қысқы кезеңдегі өрттердің және өрт қауіпсіздігі шараларының себептері", " Қысқы кезеңдегі судағы қауіпсіздік ережелері" тақырыбында онлайн оқу семинарына 8"А" класының оқушылары қатыстырылған.

2023 жылдың 27 қазан күні Әйтеке би ПБ кәмелетке толмағандар істер жөніндегі учаскелік инспектор полиция лейтенанты Ж.М. Енсепаев «Жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу», «Әкімшілік және қылмыстық құқық бұзушылықтың алдын алу» , «Жолда жүру ережелері» тақырыбында 5-7 класс оқушыларына түсіндіру жұмыстарын жүргізген.

Күзгі каникул күндері мектебіміздің "Сымбат" қыздар клубының жетекшісі Г.Т.Такеева " Қыздарға өнегелі тәрбие беру жолдары" тақырыбында 5-7 класс қыз балаларына арналған дөңгелек үстел ұйымдастырған.

03.11.күні оқушылардың күзгі каникул күндерін тиімді өткізу мақсатында " Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында ұлттық мүдде құндылығын дәріптеу мақсатында 2-3 сыныптарға " Қазақ елі" мультфильмі, 6 класс оқушыларына " Оян қазақ" тарихи деректі фильмі көрсетілген.

Оқушылардың күзгі каникул күндерін тиімді өткізу мақсатында " Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында талап мүдде құндылығын дәріптеу мақсатында " Ұлттық мектеп лигасы " атауында 7-11 сыныптардың ер балалары арасында мини футбол жарысы өтіп, жеңімпаз командалар анықталған. Жауапты маман спрот нұсқаушысы Д.Жастілеков

Оқушылардың күзгі демалыс уақытын тиімді пайдалануға құрылған мектепішілік жоспар аясында мектебіміздің " Жас құтқарушылар " үйірмесінің мүшелері аудандық ТЖ мекемесіне экскурсия жасап, төтенше жағдайлар кезінде құтқару жұмыстарының техникаларымен танысқан. Үйірме жетекшісі: Е.Д.Жетібаев

" Біртұтас тәрбие бағдарламасы" аясында ҰЛТТЫҚ мүдде құндылығын дәріптеу мақсатында 15 қараша тәуелсіздік нышаны: төл теңгеміз күні қарсаңында 5 кластарда " Ұлттық валютаға -30 жыл" тақырыбында танымдық сабақ өткен. Сынып жетекшілері: А. Маханова Д. Махамбеталина. Биылғы оқу жылында жоспарланған "Біртұтас тәрбие бағдарламасы" негізінде "АР- ҰЯТ" құндылығы бойынша " Өркен" театр мүшелері “Адалдық - адамдықтың белгісі” тақырыбында адалдық сағатын ұйымдастырған. Театр жетекшісі: Құрымбаева Жансая

20 қараша дүниежүзілік балаларды қорғау күніне орай жоспарланған " Бала құқығы- адам құқығы" атты апталық аясында 14 қараша күні 5-7 класс оқушыларымен " Балалық шақты бірге қорғайық! " тақырыбында кәмелетке толмаған жасөспірімдер инспекторы Женис Маратұлымен кездесу өткізген. "Төрт тоқсан - 4 өнер" жобасы және " Тоғыз айға 9 іс - шара тұжырымдамасы аясында 17 қараша күні мектебімізде " Бес табан" және " Бес асық" ойындары ұйымдастырылған. Біртұтас тәрбие бағдарламасы негізінде құрылған жылдық тәрбие жоспарына сәйкес " Шахмат " үйірмесінің

жетекшісі: Ж.Ж Матеновтің ұйымдастыруымен мектеп оқушыларының арасында мектепшілік "Шахмат" турнирі өткізілген. Жарыс нәтижесі бойынша: (Ер балалар) 1 орын - Серік Нұрасыл 2орын - Тынысбеков Ансар 3 орын - Сәкенұлы Нұрдәулет (Қыз балалар) 1 орын - Мергенбай Нұрай 2 орын - Тұрғанбай Сәнім

" Бала құқығы- адам құқығы " апталық аясында 8 кластар арасында " Қоғам. Бала. Құқық. " тақырыбында тәрбие сағаттары өткізілген. 8" А" класс жетекшісі: Н.Қ.Аязбаева 8"Б" класс жетекшісі: Г.Қ.Туребекова.

"9 кластар аралығында "Өз құқығыңды біліп,өзіңді қорға!" тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырылған.

"Оқуға құштар мектеп"жобасы аясында 6 класс оқушыларының қатысуымен "Сүйікті бірінші парағым" сұрақ-жауап ашық тәрбие сағаты өткізілген.

Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында Ұлттық мүдде құндылығын дәріптеу мақсатында қараша айында Ж.Аймауытовтың туғанына -135жыл, С.Сейфуллиннің туғанына- 130 жыл, С.Торайғыровтың туғанына- 130 жыл толуына орай " Ұлы дала перзенттері..." тақырыбында" Мектептегі үзіліс" бірыңғай оқу сағаты ұйымдастырылған.Қоңырау уақыттарында ХХ ғасырдың басындағы аса көрнекті ақын - жазушылардың шығармаларын оқушылар жатқа оқыған.

"Ұшқыр ой алаңы " жобасы аясында мектебіміздің," Kozgaras " дебат клубының мүшелері арасында " Өз құқығыңды білесің бе?" тақырыбында пікірталас өтілген. Өткізген: "Kozgaras " дебат клубының жетекшісі: Ешимбетов Ж.К.

"Дүниежүзілік балаларды қорғау күні: балаларға арналған өмір" атты республикалық онкүндіктің аясында "Түнгі қала" тақырында рейдтік іс- шаралар ұйымдастырылған.

Онкүндіктің аясында "Мен бақытты баламын! " атты 2-4 сынып оқушылар арасында отбасылық спорттық жарыс өтсе, 5- 11 сынып оқушылар арасында " Бала құқығы- асыл қазына" атты эссе байқауы ұйымдастырылып, оқушылар марапатталған.

1-4 сынып оқушылар арасында " Күндей күлген анамның, баласы болып қаламын!" атты бақытты балалық шақ бейнеленген сурет байқауы ұйымдастырылып, оқушылар марапатталған.

Дүниежүзілік ЖИТС-ке қарсы күні 10 "А" класында "ЖИТС - ғасыр індегі " тақырыбында дөңгелек үстел өтсе, 9-11 класс оқушылары " Мен АИТВ туралы білемін" сурет көрмесін жасақтаған.

Мектеп кітапханасында 16-желтоқсан Тәуелсіздік күніне орай "Ызғарлы желтоқсан"атты кітап көрмесі ұйымдастырылып,ашық тәрбие сағаттары өткізілген.

ҚР Тәуелсіздік күніне орай білім алушылардың жас ерекшеліктерін, қызығушылықтарын ескере отырып, олардың еліне деген сүйіспеншілігін, патриоттық сезімдерін дамытатын, ұлттық құндылықтарын арттыратын еске алу кештері, танымдық- ағартушылық сабақтары өткізілген.

9-11 сыныптар арасында "Оқуға құштар мектеп" жобасын іске асыру мақсатында қысқы демалыс кезінде «Қыста кітап оқимыз, жадымызға тоқимыз» атты іс-шаралар жоспарланып, сынып жетекшілерге ұсынылған. Берілген тапсырманы класс жетекшілер уақытылы орындап, ұсынылған кітапты оқып, класс болып талқылаған.

Ата- аналарды педагогикалық қолдау орталығы ашылып, жоспар бойынша сабақтар жүргізіліп, әлеуметтік желіге жарияланып отырылған.

2024 жылдың 15 қаңтар күні Әйтеке би ПБ-нің полиция бөлімшесінің бастығының орынбасары, полиция подполковнигі Н. Бөгенбайұлы және Әйтеке би ПБ кәмелетке толмағандар істер жөніндегі учаскелік инспектор полиция лейтенанты Ж.М. Енсепаев «Қылмыстық құқық бұзушылық және әкімшілік құқық бұзушылықтың алдын алу » тақырыбында 10-11 класс аралығында оқушыларға түсіндіру жұмыстарын жүргізген.

"Адал ұрпақ" клубының жылдық жоспарына сәйкес 7 класс оқушылары арасында елдің сайлау құқығы ұстанымына сәйкес «Сынып басшысын сайлау» сюжеттік – ролдік ойын ұйымдастырылған.Ұйымдастырушы " Адал ұрпақ " клубының жетекшісі: Мұхамбет Д.Е

«Еңбегі адал жас өрен» жобасы аясында «Қалдықтарды табысқа айналдырайық!» тақырыбында " Сәндік қолданбалы " үйірме жетекшісі сыныптан тыс жұмыстар жүргізіп, көрме ұйымдастырған. Үйірме жетекшісі: Рахметова Н.Т

Мектебімізде "Профи TIME" тақырыбында мектеп бітірушілерді болашақ мамандық таңдауға бейімдеу, кәсіби бағыт – бағдар беру мақсатында түлектермен кездесу кеші өткен.

Жасөспірімдер арасында салауатты өмір салтын насихаттау және оқушылардың бос уақыттарын тиімді өткізу мақсатында өзін өзі басқару ұйымы және дене шынықтыру пәні мұғалімдері мектепшілік волейбол жарысын ұйымдастырған. Жарысқа 8-11 кластардан 9 команда, 68 оқушы қатысып, ойын өрнегін көрсеткен.

Қаңтар айының 19 күні ұйымдастырылған аудандық "Шаңғы марафоны-2024" атты шаңғы

марафонына мектептің ұстаздары мен жоғары сынып оқушылары белсенді түрде қатысқан.

" Тоғыз ай тоғыз іс шара " аясында өткен «Қазақ есебі» челленджі ф-м.ғ.д., профессор ҚР ҰҒА академигі, ғалым-математик Жұмадилдаев Асқар Серкұлұлының авторлық есептерін шешуге арналған.

«ДосболLike: достық қолын ұсын» акциясы аясында ұйымдастырылған 8-10 сынып оқушылары арасында мектепшілік Жайдарман ойындары өткізілген.

Ақтөбе облысының білім басқармасының 2024 жылғы 19 қаңтардағы № 01-14/187 хатына сәйкес, экологиялық білім мен тәрбиені дамыту жөніндегі 2024-2025 жылдардағы арналған кешенді іс-шаралар жоспарына сәйкес 2-3 кластар арасында " ҚАЛДЫҚТЫ ТАБЫСҚА АЙНАЛДЫРАЙЫҚ!" тақырыбында көрме ұйымдастырылған.

" Занды білу- заман талабы" атты құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында жоспарланған апталық аясында 8,9,10 класс ер балалары арасында " Толеранттылық - бейбітшілікке апаратын жол" тақырыбында ашық диалог алаңы өткізілген.

Ашық диалогта спикер болған 10 класс оқушылары Ерболұлы М. Бүркітбайұлы Е

9 класс оқушысы Серік Н

Мектеп парламентінің және әлеуметтік педагогтың ұйымдастыруы бойынша DosBolLike акциясы аясында 8-11 сынып аралығында “Достық” жәрмеңкесі және ерікті оқушылар тобының қатысуымен ауыл тұрғыны, зейнеткер Давлетова Зада Конакбаевнаның ауласын қардан тазарту жұмыстары жүргізілген.

Аға тәлімгер “ Занды білу- заман талабы” атты құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында жоспарланған апталық аясында 8-9 сынып оқушылары арасында “Құқықтық вернисаж” форматында ашық диалог алаңын ұйымдастырған.

Жошы ұлысының іргесі қаланғанына – 800 жыл толуына байланысты тарих пәнінің мұғалімдері 9 класс оқушыларына Ешимбетов Ж.К мен Тобажанов М. «Әйгілі қолбасшы -Жошы хан» тақырыбында дөңгелек үстел өткізген.

2024 жылдың 15 сәуір күні Әйтеке би ПБ-ның бірінші орынбасары полиция майоры Ә. Темірбекұлы мен кәмелетке толмағандар істер жөніндегі учаскелік инспектор полиция аға лейтенанты Ж.М. Енсепаев «Қылмыстық құқық бұзушылық және әкімшілік құқық бұзушылықтың алдын алу » тақырыбында 8-9-10-11 класс аралығында ер балалар жиналысында түсіндіру жұмыстарын жүргізген.

А.ж. 17 сәуірі күні аудандық ішкі саясат бөлімінің маманы А.Рабайдың ұйымдастыруымен "Аңсар" ақпараттық-талдау орталығының жастармен жұмыс жөніндегі маманы Таганов Еркебулан келіп жоғары сынып оқушыларына "Дін және жастар" тақырыбында ақпараттық түсіндіру жұмыстарын жүргізген.

Мейірбике Байгожина М.Ш “7-сәуір Дүниежүзілік денсаулық күніне орай “Менің денсаулығым-менің құқығым” және “ Ұл тәрбиесі - болашақ тәрбиесі”, тақырыбында жасөспірімдер арасында дөңгелек үстел ұйымдастырған.

Ұлыстың ұлы күні - Наурыз мерекесіне 11 сынып оқушылары “Амал келді жыл келді!” тақырыбында мектеп АКТ залында кең көлемдегі тәрбие сағаттарын өткізген.

1-10 кластар арасында “Амал келді-жыл келді” тақырыбында бірыңғай тәрбие сағаттары өткен. 14-Наурыз көрісу күніне «Өзін-өзі басқару» ұйымының бейнебаяны әзірленіп, мектептің әлеуметтік парақшасына жарияланған.

Наурыз мейрамын тойлаудың жаңа тұжырымдамасы барысында 15 наурыз қайырымдылық, мейірімділік және татулық тақырыбына арналған " Жақсылық істеп жарысайық" атты шара өткізілген. Шарада " Қазақстан халқына " қоғамдық қорының " ҚН ЖАЗДЫҚ ЖОЛДАМА-2024" қайырымдылық жобасы аясында Әйтеке би ауданының білім бөлімінің бөлім меңгерушісі Бекенбаева Самал Решовна келіп, 8 жолдаманы сыйға тартқан. Сонымен қатар мектеп ұжымының атынан ЕБҚЕ оқушыларға тәтті сыйлықтар таратылып, мерекелік ән шашу ұйымдастырылған.

15-16 наурыз «Шежіре» күніне мектеп ұжымы мен барлық сыныптарға арналған «Ең әдемі киім-ұлттыңның киімі» тақырыбында ұлттық киімдер шеруі өткізілген.

19 наурыз күні мектебімізде "Қош келдің, өз Наурыз!" атты мектепшілік мерекелік шара екі мезілде де ұйымдастырылып, шараға барлық сынып оқушылары белсенділікпен қатысқан.

Аудандық кәсіподақ ұйымының ұйымдастыруымен "Ұлттық күн - жаңғырған салт" атты Наурыз мерекесіне арналған бейнеролик байқауына ұстаздар қауымы қатысып, "Қарғыбау" салтын ұсынған.

" 9 айға 9 іс шара" тұжырымдамасы негізінде білім алушыларға "Күй күмбірі" жобасы аясында "Көркем домбыра" жетекшісі А. С. Прмаганбетова шәкірттерімен халық күйі "Тепең көк" күйімен челлендж ұйымдастырған.

«НАУРЫЗНАМА» тұжырымдамасының аудандық күнтізбесіндегі 16 наурыз - Мәдениет және ұлттық салт-дәстүр күніне орай «Салты солай Наурыздың» атты отбасылармен сұхбат кеші өткен. «Наурызнама» тұжырымдамасының бесінші күні - Ұлттық киім күніне орай Әйтеке би аудандық балалар саз мектебінің ұйымдастыруымен аудандық мәдениет үйінде “Ұлттық киім - ұлтымыздың айнасы” атты ұлттық киім көрсетіліміне мектеп ұжымы белсенділікпен қатысқан. Сонымен қатар мәдениет бөлімі ұйымдастырған аудандық мерекелік шараға ұжым «Тоқымқағар» мен «Жолашар» дәстүрін сахналаған.

Директордың тәрбие ісінің орынбасары Н.Б.Кудайбергенов балалардың жазғы демалысына жауапты тұлғаларға 2024-2026 жылдарға арналған әдістемелік ұсынымды басшылыққа ала отырып, жазғы демалыс кезінде балалардың сауықтыру демалысын, бос уақытын және жұмыспен қамтылуын жоспарлау бойынша семинар ұйымдастырған.

2023-2024 оқу жылының Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Рәміздерін насихаттауға арналған жұмыс жоспарына сәйкес «Біз рәміздерді құрметтейміз!» тақырыбында 1-11 класс аралығында тәрбие сағаттар ұйымдастырылған.

8 сынып оқушылары арасында “Мемлекеттік рәміздер туралы не білеміз?” атты интеллектуалды ойын өткен. Ойынға “8”А” сыныбынан “Алаш” тобы, 8”Ә” класынан “Интуал” тобы, 8 “Б” класынан “Бәйшешек” тобы қатысқан.

Мемлекеттік Ту, Елтаңба, Әнұран» тақырыбында 5-7 кластар арасында мәнерлеп оқу сайысы ұйымдастырылып, оқушылар мадақтау қағазымен марапатталған.

12 мамыр - Аналар күніне арналған жұмыс жоспары аясында аудандық аурухана психологтары Толтаева Зауре Доскалиевна, Динова Алима Маратовна және мектеп медбикесі Байғожина Маржан Шалабаевнаның қатысуымен "Бүгін бала, ертең ата-ана" тақырыбында қыздар жиналысы өткізген Жиналыс барысында қыздарға "Еңбек құндылығы" топтық тренингі жүргізілген. Бейнероликтер көрсетіліп, қыздар өз ойларымен бөлісті. Ұйымдастырушы: мектеп-психологтары.

2023-2024 оқу жылында жалпы мектепшілік «Мейірім» ата-аналар комитетінің жоспары құрылып, бекітілген. Сондай -ақ барлық сынып жетекшілер ата-аналармен жүргізілетін жеке жұмыс жоспарларын құрып, әр сынып жетекшісі тоқсан сайын ата-аналар жиналысын өткізіп отырған.

Ақтөбе облысының білім басқармасының № 2/4221 хаты бойынша және Әйтеке би аудандық білім бөлімінің 2023 жылғы 21 қыркүйек № 05-20/1596 хатына сәйкес кезекші ата-аналар кестесі құрылып, мектеп директорымен бекітіліп, апта сайын кезекшілік міндеттері атқарылып келген.

2023-2024 оқу жылындағы жалпы мектепшілік ата -аналар жиналысы қыркүйек айында өткізілген. Биылғы жылдан бастап еліміздің Оқу-ағарту министрлігі Біртұтас тәрбие бағдарламасын енгізді. Ол Мемлекет басшысының арнайы тапсырмасымен жүзеге асырылып жатыр. Бағдарлама білім беру және жалпы адамзаттық, ұлттық құндылықтарға негізделген.

3 қараша күні бастауыш сыныптарының арасында Біртұтас тәрбие бағдарламасын түсіндіру жұмыстарын жүгізу мақсатында кең көлемде біріккен ата-аналар жиналысы өткізілген.

22 мамыр күні " Мектеп, ата- ана, бала арасындағы байланыс " тақырыбында 2023-2024 оқу жылының жалпы мектепшілік қорытынды ата- аналар жиналысы өткен.

Оқушылардың 2023- 2024 оқу жылында алған білімінің нәтижесін қорытындылауға арналған” Білімім- Отаным!” тақырыбындағы бірыңғай сынып сағаттары жүргізілген.

Жыл жетістіктері:

«Жұлдызай -2022» Ұлттық Инклюзивті Ойындары Республикалық жарыста 5 «А» класс оқушысы Нұртаев Қайсар жүлделі 2 орын алды.

31 қазан - 4 қараша аралығында Тараз қаласында ҚР Оқу-ағарту министрлігі және Ұлттық ғылыми практикалық дене тәрбиесі орталығының ұйымдастыруымен өткен Республикалық Мұғалімдер спартакиадасында шағын футболдан Ақтөбе командасы 1 орынды иеленіп, облысымыздың намысын қорғаған Т.Жүргенов ат.ЖОББМ мұғалімі Матенов Жайдарлы чемпион атанды.

Әйтеке би аудандық ер балалар арасында волейболдан Т. Г. Шевченко турнирде Т.Жүргенов атындағы ЖОББМ командасы I орын алды.

Аудандық " Мерген ару- 2023" қыздар арасындағы сайыста жалпы команда бойынша III ОРЫНДЫ иеленді. Бас жүлдені мектебіміздің 10 класс оқушысы Бремжанова Ү қанжығасына байлады. Жетекшісі: АӘД пәнінің мұғалімі Сарманов А.К Түркістан қаласына туристік саяхатқа сертификат иеленді.

«Достық, бірлік, татулық» аудандық пікірсайыс турнирінен «МАХСИМУМ» дебет клубы 3 орын иеленді. Әйтеке би ауданы полиция бөлімінің ұйымдастыруымен өткен «Жас жол инспекторы» сайысынан 3 орын алды.

Мектебіміздің директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Құдайбергенов Н.Б «Директордың тәрбие жұмысы бойынша үздік орынбасары -2022» облыстық байқауда үздік нәтиже көрсетіп, 3 орынға ие болды. Түркістан қаласына туристік саяхатқа сертификат иеленді.

### **Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институтының ғылыми-әдістемелік кеңесі ұсынған Білім беру ұйымдарында ата-аналарды педагогикалық қолдау бойынша жұмыстар жасалған.**

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің төрағалығымен өткен кеңестің 2023 жылғы 4 қыркүйектегі №28 хаттамасының 2.4 тармағын, «2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарындағы оқутәрбие процесінің ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хатын басшылыққа алып, «Адамның үйлесімді дамуы Ұлттық институты» КеАҚ ғылыми-әдістемелік кеңесі ұсынған 15.08.2023 жылғы №4 хаттамасына сәйкес мектеп директоры Л.Х. Еспанованың 18 қыркүйек 2023 жылғы №117 н/қ бұйрығымен мектептің атааналар қауымдастығымен өзара іс-қимылын нығайту мақсатында «Ата-аналарды қолдау» орталығы құрылған. Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институтының мамандары жағымсыз тенденцияларды еңсеруге қазақстандық қоғамда позитивті ата-ана әдістерін дамыту көмектеседі деген қорытындыға келді: рефлексия; атааналардың балалар мен қарым-қатынасы қалыптасатын құндылықтар мен тәрбие үлгілерін таңдау жауапкершілігі; әрбір балаға физикалық, интеллектуалдық және әлеуметтік-эмоционалды даму жағынан қолайлы ортаны қамтамасыз етуге ұмтылу. Бұл кездейсоқ оқиғаларға жол бермейтін ата-аналарға жүйелі психологиялық педагогикалық білім беруді қажет етеді. Жаңа оқу жылынан бастап әрбір жалпы орта білім беру ұйымының базасында ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы жұмыс істей бастады. Орталық ата-аналар қоғамдастығының өкілдерін, отбасылық және қоғамдық тәрбие байланысына мүдделі әкімшілік және педагогикалық қызметкерлерді біріктіреді. Орталықтың қызметі позитивті ата-ана мәдениетін арттыру арқылы балалардың қауіпсіздігін, денсаулығын және психологиялық әл-ауқатын қамтамасыз етуге арналған. «Ата-аналарды қолдау» орталығының жетекшілігіне тәрбие ісі орынбасары Құдайбергенов Нұрхан бекітілген. Сонымен қатар «Ата-аналарды қолдау» кабинеті ашылған. Кабинет стендпен жабдықталған. 1-4-сыныптарға 8 сабақ, 5-9-сыныптарға 8 сабақ, 10-11-сыныптарға 8 сабақ тақырыптары берілген. Сабақтар жоспардағыдай уақытында жүргізілген. Сабақты тәрбие ісінің орынбасарлары сынып жетекшілерімен, мектеп психологтары бірлесе өткізген. Әр сабақты өткізу барысында түрлендіріліп отырған. Оқу процесінде, ең алдымен, тыңдаушылар білім беру процесіне белсенді қатысатын, сәттілік жағдайын бастан кешіретін және сәйкесінше олардың мінез-құлқын ынталандыратын әдістерге назар аударылған. Интерактивті әдістер тыңдаушылардың тек мұғаліммен ғана емес, сонымен бірге бір-бірімен де кең өзара әрекеттесуін, білім беру процесінде тыңдаушылардың белсенділігін арттырған. Сабақтар дөңгелек үстел (пікірталас, пікірсайыс), ми шабуылы (брейнсторм), іскерлік және рөлдік ойындар, case-study (нақты жағдайларды талдау, ситуациялық талдау), шебер сабақ, тренинг, тренингтік жаттығу түрінде ұйымдастырылған. Әр сабақтан кейін кері байланыс алынған. Сабаққа келген ата-аналарды тіркеу журналы жасалған. «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығы жанынан «Даналық мектебі» де өз жұмысын бастаған. Мұның аясында «Ата өсиеті», «Әже даналығы», «Аға қамқорлығы», «Жеңге кеңесі» сынды шаралар ұйымдастырылып, түрлі қауымдастық құрылған.

Жоғарыда аталған нұсқаулықты негізге ала отырып, сабақ жоспары және «Даналық мектеп» жылдық жоспары жасалып, бекітілген. Нұсқаулықта ата-аналар назар аударатын ұлттық құндылықтар анықталған. Ата-аналарға арналған сабақтардың мазмұнында: Ертегі, аңыз-әңгімелер, батырлар жырларынан үзінділер келтіру (Ер Төстік, Алтын сақа, Алдар көсенің, Қожанасырдың әңгімелері, т.б.), мәтелдер, әр түрлі жанрдағы халық әндері, Дала ділмарларының шешендік сөздерінен, жыраулардың шығармаларынан мысалдар, Абай Құнанбаев, Ыбырай Алтынсарин, Ахмет Байтұрсынов және т. б. шығармаларынан үзінділер, Күні бүгінге дейін сақталып келген немесе өзгеріске ұшыраған салт-дәстүр, ғұрыптарды енгізу, материалдық мәдениеттің мысалдары (ұлттық тағамдар, киім-кешек, сәндікқолданбалы өнер заттары, қазіргі уақыттағы ұлттық өнер туындылары). Осы материалдардың барлығы халықтың сан ғасырлық тәжірибесінде қалыптасқан адамгершілік тәрбиесінің негіздерін енгізуге мүмкіндік береді, ұрпақтар тізбегіндегі өз орнын білу (шежіре), аға буын тәжірибесі, негізгі адамгершілік ұғымдар, ерлер мен әйелдердің әлеуметтік рөлдерінің мәні (тарихи тұлғалардың мысалында), отбасындағы туыстық қатынастардың ерекшеліктері. «Даналық мектебі» клубының қызметі білім беру ұйымының позитивті ата-ана мәдениетін қалыптастыру және дамыту жөніндегі жұмысының ажырамас бөлігі. «Даналық мектебі» клубы қызметінің мақсаты – аға буынның педагогикалық әлеуетін өзектендіру арқылы ата-аналардың позитивті мәдениетін дамытуға жәрдемдесу. «Даналық мектебі» клубының қызметінің басым бағыты ата-аналар қауымымен жұмыс болып табылады. Клуб мектептің нақты сұраныстары мен талаптарына сәйкес

